

# ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТИ

№ 250 (9568) | 1954 жылғы 18 декабрь Сенбі | Шығуына 35 жыл. Жеке саны 20 тыйын.

## СОВЕТ ЖАЗУШЫЛАРЫНЫҢ БҮКІЛОДАҚТЫҚ ЕКІНШІ СЪЕЗІНЕ

Совет Одағының Коммунистік партиясының Орталық Комитеті совет жазушыларының Бүкілодақтық екінші съезін және сол арқылы жеңген социализм елінің қуатты әдебиетінің барлық өкілдерін қызу құттықтайды.

Коммунистік партия жаңа адамды тәрбиелеуде, советтік қоғамның моральдық-саяси бірлігін нығайтуда, коммунизм орнату жолындағы күресте совет әдебиетінің үлкен роль атқарып отырғанын жоғары бағалайды.

Жазушылардың бірінші съезінен бергі жылдардың ішінде совет әдебиеті едәуір табыстарға жетті. Көркем шығармалар жасалып, бұл шығармаларда социализм орнатудағы шабытты еңбек, совет патриоттарының Ұлы Отан соғысының сұрапыл жылдарында көрсеткен теңдесі жоқ ерліктері, халқымыздың шаруашылықты соғыстан кейін қалпына келтіру жолындағы күресте көрсетіп отырған қаһармандық еңбегі сыншылдықпен бейнеленді. Сондықтан да тілектестік білдіріп, үн қосып отырған оқушыларының осыншалық қалың топтары бар біздің совет әдебиетіндегі әдебиет еш уақытта да болып көрген емес.

Совет республикаларының экономикалық, саяси және мәдени жағынан қарыштап өрге басуы ССРО халықтарының әдебиеттерін көркейтті, гүлдендірді. Барлық туысқан республикалар жазушыларының тығыз ынталасуымен ұлт әдебиеттері дамып, бірін бірі байытып келеді. Совет Одағында заманымыздың озық идеяларын бейнелеп отырған тарихи зор маңызы бар көп ұлтты көркем әдебиет құрылды.

Бұл жылдардың ішінде совет әдебиетінің халықаралық беделі артып, оның Совет Одағынан тыс жерлердегі, әсіресе халықтық демократия елдеріндегі оқушылары өлшеусіз көбейе түсті. Совет әдебиетінің миллиондаған шетел оқушыларының сүйіспеншілігіне ие болып отырған себебі сол, ол ерқашан да еңбекшілердің мүдделерін қорғап келеді, ол адамды жек көретін империалистік идеологияға қарама-қарсы, гуманизм идеяларын, халықтар арасындағы бейбітшілік пен достық жолындағы күрес идеяларын жақтап келеді, ол адамзаттың сәулетті болашағына зор үмітпен сеніп отыр.

Совет жазушылары өздерінің творчестволық жұмысында коммунизм жолындағы халық бұқарасының шын мәнісіндегі бостандығы мен бақыты жолындағы, адамды

тұрған барлық қиыншылықтар мен кемшіліктерді жоюға, коммунизм орнатудың ұлы ісіне жігерлендіріп отыруға міндетті.

Совет халқы бүкіл халық шаруашылығын оған әрі өркендетудің негізі және Отанымыздың шекарасы мызғымас берік болуының кепілі — ауыр индустрияның үздіксіз өркендетудің аса зор міндеттерін шешіп жатқан біздің даңқты замандастарымыздың, алып электр станцияларын салып жатқан, құрылыс әдістерін жетілдіріп жатқан, миллиондаған гектар тың жерлерді игеріп жатқан, бүкіл ауыл шаруашылығын өрге бастыру үшін және еңбекшілердің халық тұтынатын өнімдер мен товарлар жөніндегі өсіп отырған тілектерін неғұрлым толық қанағаттандыру үшін күресіп жатқан біздің замандастарымыздың шынайымен жазылған жарқын образдарын жасал беруді өзінің жазушыларынан шүтін отыр.

СОКП Орталық Комитеті жазушылардың өмірдің нағыз шыңдығын барлық жағынан тупас және толық көруде, қазіргі халықаралық жағдайда, империализм лагерінің және социализм мен демократия лагерінің арасында өрістетіліп отырған күрес жағдайында өмірдің қалай құрылып жатқанын көруге, біздің елімізде болып жатқан және Коммунистік партия басшылық етіп отырған даму процестерін түсінуге, біздің қоғамның өсу заңдары мен перспективаларын түсінуге, өмірдегі қайшылықтар мен тартыстарды ашып отыруға мүмкіндік беретін марксизм-ленинизмді творчестволықпен меңгеру негізінде өмір шыңдығын терең зерттеп білуге шақырды. Совет халқы өз жазушыларының өмірге белсене араласуына, қоғам байлықтарының барлық қайнар бұлақтары толық арнамен тасқыннан ағатын, психологиясы капитализмнің сарқыншақтарынан азат жаңа адам өсіп шығатын жаңа қоғам орнатуда халыққа көрмектесуші жалынды күрескерлер болуын көргісі келеді. Біздің жазушыларымыз совет адамдарын коммунизм идеялары мен коммунистік мораль рухында тәрбиелеп отыруға, жеке адамның жан-жақты және толық үйлесімді өсуіне еңбекшілердің барлық творчестволық талаптары мен қабилеттерінің толық көркеюіне көмектесіп отыруға міндетті. Совет адамдарының кең сарайлы ішкі дүниесін терең ашып беретін сыншыл искусствоны, зор ойлар мен сезімдер искусствосын жасап беруді, өз кейіпкерлерінің образдарында олардың

бастау қатерін төндіріп отырған империалистердің қылмысты жоспарларын әшкерелеп, маскаралау—совет жазушыларының борышы.

Орыстың және дүние жүзінің классикалық әдебиетінің игі жақсы дәстүрлерін дамыта отырып, совет жазушылары ұлы пролетарлық жазушы Максим Горький негізін қалап берген социалистік реализм әдісін творчестволықпен өркендетіп келеді, Владимир Маяковскийдің жауынгерлік поэзиясының дәстүрлерін ұстап келеді. Социалистік реализм суреткерлер өмір шыңдығын оның революциялық дамуында шынайылықпен, тарихи нақтылықпен бейнелеп беруді талап етеді. Социалистік реализм міндеттерінің дәрежесінде болуы дегеніміз — адамдардың шын мәнісіндегі өмірін, олардың сезімдері мен ойларын терең зерттеп білу, олардың халқжайына жете зер салып тыңғылықты қарау және мұны реалистік әдебиеттің шын мәнісіндегі үлгілеріне лайықты көркемдік формада, қызықты және тартымды етіп көрсете білу, — міне осының бәрін жұмысына табы мен бүкіл совет халқының елімізде құрылған социалистік қоғамды оған әрі нығайту жолындағы, коммунизмнің жеңілі жолындағы ұлы жүресін ойдайытай түсіне отырып бейнелеп беру деген сөз.

Қазіргі жағдайда социалистік реализм әдісі жазушыдан елімізде социализм құрылысын аяқтау және оның социализммен коммунизмге бірте-бірте өту міндеттерін түсінуді талап етеді. Социалистік реализм жазушының кең көлемді творчестволық инициатива көрсетуіне, өзінің жеке басы бейімделген қабілеттері мен талауларына сөйкес алуан түрлі формалар мен стильдерді таңдап алуына мүмкіндік береді.

Социалистік реализм принциптерінен ауа қайылу совет әдебиетін өркендетуге нұқсан келтіреді. Біздің әдебиетіміз дамып отырған өмірден, саяси және мәдени жағынан бірдей өскен оқушының тілектерінен әлі де болса көп жағынан артта қалып отыр. Еңке жазушылар өз жұмысына тиісінше талап қоймайды, советтік өмір шыңдығын олды көрсететін орта қолды және нашар шығармалар жазып жүр. Соңғы уақытта миллиондаған оқушылар үшін рухтаңдырушы өнеге болатындай жарқын және көркемдік жағынан тартымды етіп суреттеп образдар аз жасалды. Россия пролетариаты мен лениндік партияның бі-

батыл істер істеуге, әдебиеттің барлық түрлері мен жанрларын байытып, оған әрі дамытып отыруға, суреткерлік шеберлік дәрежесін арттыруға, сойтып, совет оқушысының үсті-үстіне өсіп отырған рухани тілектерін барынша толық қанағаттандыруға шақырала.

Совет жазушыларында творчество үшін анағұрлым қолайлы жағдай бар. Олардың миллиондаған оқушы-достары, өткен дәуірдің таңдаулы жазушылары тек арман ете алатын оқушылары, өз әдебиетін жақсы көретін, талап қойғыш, саналы және ержеткен оқушылары бар.

Совет әдебиеті жаңа, алдыңғы қатарлы прогрестік искусство жолындағы күресте шетелдік жазушылар үшін рухтаңдырушы өнеге және тәжірибенің қайнар бұлағы бола отырып, сонымен бірге оның өзі де шетелдік прогрестік жазушылардың игі жақсы табыстарын өзінің дамуы және жетіле беруді үшін пайдаланып, өзін байытып келеді. Біздің әдебиетшілеріміз жоғары дәрежелі суреткерлік шеберлік жолындағы күресте шетелдік достардың бағалы тәжірибесін бұрынғыдан да гөрі зор дәрежеде пайдалана алады және пайдалануға тиіс.

Совет әдебиетінің алдында тұрған құрметті және жауапты міндеттерді шешуге жазушылар одағы жұмысының зор маңызы бар, ол өткен жайырма жылдың ішінде коллективтік басшылық принциптері негізінде құрылған, партияда бар және партияда жоқ әдебиетшілердің барлық творчестволық әдістерін топтастырып отырған қуатты қоғамдық ұйымға айналды.

Совет әдебиеті мен совет жазушылары әртүрлі жат ықпаңдарға қарсы, буржуазиялық идеология мен капитализмнің сарқыншақтарының көріністеріне қарсы күресте идеялық жағынан өсіп, шынықты. Совет жазушыларының одағы бұдан былай да совет әдебиетінің идеялық бағытына, жазушылардың идеологиялық жағынан тәрбиелеп, олардың суреткерлік шеберлігін арттырып отыруға баса назар аударуға, социалистік реализмнің принциптерінен ауытқушылыққа қарсы, әдебиетімізді совет халқының өмірінен, Коммунистік партия мен Совет мемлекеті саясатының күнделікті маңызды мәселелерінен басқа жаққа бұрып әкету әрекеттеріне қарсы батыл күресуге, ұйымшылдықтың, космополитизмнің қайталануына, буржуазиялық идеологияның басқа да

## БҮГІНГІ НОМЕРДЕ:

Совет жазушыларының Бүкілодақтық Съезіне (1-бет).  
Б. Сәлменов.—Дәулеті мен мәдениеті өскен колхоз (1-бет).  
Совет Үкметінің Франция үшметіне нотасы (2-бет).  
Жапониямен қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде (2-бет).  
МТС және ММШС директорларының республикалық кеңесі (2-бет).  
МАЛ ФЕРМАЛАРЫНДА ЕҢБЕК ҰЙЫМДАСТЫРУ ІСІ ЖОЛҒА ҚОЙЫЛСЫН: Е. Фейге.—Полудень ауданында мал қыстатуға әзірлік нашар. И. Рыбанов.—Мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін

С. Белгібаева.—Озат тәжірибені кең тарату (3-бет).  
В. Шатных, Я. Кузнецов, В. Швец.—Токсандық жоспар орындалды (3-бет).  
Т. Аяғанов.—Сортты тұқым—мол өнімнің негізі (3-бет).  
А. Сапарбеков.—Т.С. Мальцев әдісі кеңінен қолданылады (3-бет).  
З. Дегтяренко.—Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартатын мезгіл жетті (4-бет).  
Г. Карташов.—Редакцияға хат (4-бет).  
Шетел хабарлары (4-бет).

## Н. Н. Шаталин жолдасты Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы

Совет Одағы Коммунистік партиясының Орталық Комитетінің секретары Н. Н. Шаталин жолдастың туғанына елу жыл толуына байланысты және оның партия мен совет мемлекеті алдында сіңірген еңбектерін ескере отырып, Николай Николаевич Шаталин жолдас Ленин орденімен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі К. ВОРОШИЛОВ.  
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары Н. ПЕГОВ.

Москва, Кремль  
16 декабрь, 1954 жыл.

## Дәулеті мен мәдениеті өскен колхоз

Октябрь ауданында шаруашылығы өркендеп келе жатқан артельдер жөнінде әңгіме бола қалса, «Бірақ» колхозы алдымен аталынады. Ол өңден орында да. Соңғы жылдары бұл колхоздың ишары қорамдық шаруашылығы нығайып, мәдениеті өсуде. Әсіресе артель мүшелері егіншілік мәдениетін көтеру, ауылшаруашылық жұмыстарын механикаландыру жөнінде елеулі жұмыстар істеді.

Астық шаруашылығы бүкіл ауылшаруашылық өндірісінің негізгі бір саласы болып табылады. Сондықтан артель мүшелері егіннің шығымдылығын арттырумен қатар, оның көлемін де ұлғайта беруге үнемі көңіл бөліп отырады. 1950 жылы колхозда небары мың гектардай жерге дәнді дақыл егілетін еді. Ал қазіргі егіс көлемі 2286 гектарға жеткізіліп отыр. Егіс көлемінің басым көпшілігіне бағалы азық-түліктік дақыл—бидай егілді.

Ғылым табыстары мен озат тәжірибені өндіріске енгізудің нәтижесінде егіннен жыл сайын дерлік мол өнім алынып келеді. Өткен жылдары айшағанның өзінде, бұлмен ауа райының қалайсыздығына қарамастан, егіннен бірнелік жақсы өнім алынды. Осының нәтижесінде колхоз мемлекетке астық тасыру жоспарын мерзімнен бұрын, артығымен орындап, МТС-пен толық есеп айырыты, алдағы жылға мол жетерлік тұқым қорын құйып алды. Колхозшылардың еңбекқұнына біржарым килограмнан астық берілді.

Колхозда келесі жылғы егіннен мол өнім алуын қамы бйылы да күнбұрып ойластырылып отыр. 1955 жылдың егісіне арнап 2782 центнер тұқым қоры құйылып, түгел дерлік тазартылды. Егіншілер механизаторлармен бірлесе отырып, егістік жердің 90 процентке жуығын жүзде дайындап қойған болатын. Қазір ол участоктерге қар тоқтату үшін қы-

қоғамдық мал шаруашылығын өркендету мен оның өнімділігін арттыра берудің басты шарттары: жемшөп қорын мол дайындау, малды жылы, жайлы қораларда бағып-күту, малшылардың мәдени тұрмысын оған әрі жақсарту түсу болып табылады. Осы жағдайларды жете ескере отырып колхоз бйылы мал қыстатуға тыңғылықты әзірлікпен кірісті. Қоғамдық малға қажетті 24475 центнер жемшөп пен 3 мың центнерге жуық сабан жер-қарада толық дайындалып, олардың деңі мал қораларының қасына тасып алынды. Сол сыяқты қоғамдық мал жылы-жайлы қоралармен тегіс қамтамасыз етілді.

Осындай тыңғылықты әзірліктің нәтижесінде колхозда мал қыстату ісі алғашқы күндерден бастап-ақ үлгілі ұйымдастырылып келеді. Қазір колхоз малшылары қоғамдық малды қыстан қонды шығару жолында қажырлы еңбек етуде. Әсіресе Рахимов жолдас басқарған сыйыр фермасының жағдайы жақсы. Малдарды тәжірибелі колхозшылар бағып-күтеді.

Колхозда коммунистердің авангардтық ролін ерекше атап айту керек. Бастауыш партия ұйымы (секретары А. Әбілпейізов жолдас) өзінің ұйымдастыру жұмыстарын колхоз басқармасына, комсомол ұйымына, активтерге сүйеніп істейді. Үгіт-көпшілік жұмыстарын шаруашылық міндеттермен тығыз байланыстыра жүргізеді. Колхоздың активі 27 адам. Партия ұйымы осылар арқылы әрбір колхозшыға партиямыз бен үкметіміздің қаулы-қарарларын жете түсіндіріп, шаруашылық міндеттердің деркесінде орындалуына жетісіп отырады.

Дегенмен, колхозда қоғамдық малдың санын көбейтіп, оның өнімділігін арттыру ісінде елеулі көпшіліктер де жоқ емес. Әсіресе, ірі қарамағ фермасында мал басының өсуі қанағаттанарлық емес. Сылдырлардың сүт өнімділігі өлі де төмен. Колхозда жемшөп қоры жыл сайын мол

адамның өзіншегі мен қарама-қарсы қандайына болса да қарсы күрестің ұлы идеяларымен рухтанып келеді. Әдебиеттің қоғамнан тәуелсіздігі жайындағы жаңа және екіжүзді буржуазиялық ұранға, «искусство—искусство үшін» дейтін жасаның концепцияларға, біздің жазушыларымыз еңбекшілердің мүдделеріне, халықтың мүдделеріне қызмет ететін өздерінің жоғары идеялық позицияларын мақтанш сезіммен қарама-қарсы қойып отыр.

Жазушылардың Бүкілодақтық екінші съезі аса маңызды творчестволық мәселелерді талқылауға, әдебиетіміздің онан әрі алға басып, жаңа биік шыңдарға жету жолдарын белгілеуге тиіс.

Кәзір еліміздің алдында совет халқының алдында аса ұлы міндеттер тұр. Социалистік өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығында қол жеткен табыстардың негізінде социалистік экономика мен мәдениетті онан әрі жан-жақты өркендетуге бағытталған аса зор шаралар жүзеге асырылуда, мұның өзі социалистік қоғамды нығайту және социализмнен коммунизмге бірте-бірте өту үшін қажет болып отыр. Социализм мен капитализм арасындағы жарыс бұрынғыдан да гөрі кең көлемді халықаралық аренада өрістетіліп, жаңа анағұрлым жоғары сатыға көтерілуде, ал капитализмнің агрессияшы және реакцияшы топтары социализм күштерінің өсуіне, капитализмнің тепкісі мен отарлық езудің азат етілуге ұмтылған халықтардың талаптарына зорлық жасау арқылы жол бермеуге әзір отыр. Бұл жағдайды совет көркем әдебиетінің қоғамдық-өзгертуші және белсенді тәрбиелік ролі өлшеусіз арта түседі.

Көркем әдебиет, искусствоның барлық басқа да түрлері сыяқты, совет адамдарын творчестволық еңбекке және бұл жолда

еңбектегі жұмысының, қоғамдық тұрмысы мен жеке тұрмысының атуан салалы барлық жақтарын тығыз біріктіре отырып бейнелеу—совет жазушыларының борышы. Біздің әдебиетіміз жаңа бейнелеу қана қоймай, сонымен бірге оның жеңуіне барыпша көмектесіп отыруға міндетті.

Жастарды, жас жұмысшыларды, колхозшыларды, интеллигенттерді, Совет Армиясының жауынгерлерін еңбекке деген сүйіспеншілік, серектік, жүректілік, біздің ісіміздің жеңілісіне сенушілік рухында, социалистік Отанға жан-тәнімен берілгендік рухында және империалистік агрессорлар біздің халықтарымыздың бейбіт еңбегін бұзғанда әрекет жасаған күнде, оларға күйрете тойтарыс беруге әзір тұру рухында тәрбиелен отыру әдебиеттің маңызды және құрметті міндеті болып табылады.

Агрессияшы империалистік топтар талқандалған герман фашизмінің күштерін қайтадан жыйнақтап, қайта тұдырып жатқан кезде, совет әдебиеті ескі дүниенің реакцияшы күштеріне қарсы күрестен тыс тұра алмайды. Совет көркем әдебиеті бүкіл революциялық жалынды жігері мен совет адамдарының патриоттық сезімдерін тәрбиелеп, нығайтып отыруға, халықтар арасындағы достықты нығайтып отыруға, бейбітшіліктің, демократияның және социализмнің қуатты лагерін онан әрі топтастыру ісіне көмектесіп отыруға, еңбекшілердің пролетарлық интернационализм мен туысқандық ынтасын сезімдерін тәрбиелеп отыруға міндетті. Халықтардың хауісіздік мүдделері үшін барлық бейбітшілік күштерді топтастыру жолындағы күрестің туын бұрынғыдан да жоғары көтеру, дүниежүзілік жаңа соғыс

решіні орыс революциясы және ұлы Октябрь социалистік революциясы кездеріндегі қаһармандығы туралы іргелі зорлап шығармалар әлі жоқ. Совет адамдарының бейбіт еңбегінің өсімді салпыңсы—біздің Совет Армиясы туралы жазылған кітаптар аз. Классиканың аса бай мұраларын талдап зерттеуге және совет әдебиетінің тәжірибесін қорытуға, әдебиетіміздің идеялық-көркемдік жағынан өсуіне көмектесіп отыруға міндетті әдебиет сыны мен әдебиет зерттеу ісі әлі күнге дейін мықтап артта қалып отыр. Бірқатар шығармаларда байқалған өмір шындығын кейбір жағынан өсіретін көрсету, дамудың қайшылықтары мен өсуінің қиыншылықтарын айтып сыяқты тенденциялар әдебиетіміздің дамуына кері әсерін тигізді. Адамдардың санасындағы капитализм сарқыншақтарына қарсы күрес әдебиетте ойдығыдай бейнеленбей келеді. Екінші жағынан, өмірден қол үзген кейбір әдебиетшілер, ойдан шығарылған қасанды тартыстар іздестіріп, шалағай шығармалар жазды, советтік қоғамды бұрмалап көрсетті, ал кейде тіпті советтік қоғамды жалакорлықпен бейнеледі, совет адамдарын бет алды жамандады.

Біздің қоғамның алға басыуына көмектесіп жаңа сыныға, озаттықтың бәрі белсенде қолдай отырып, совет жазушылары ескі, жеке меншікшілік дүниесінің адамдар санасындағы сарқыншақтарын барлық күшімен және жалынды жігерімен түйреп отыруға, селжөк және шартартпа адамдарды түйреп отыруға, социалистік шаруашылық пен мәдениеттің жедел өсуіне бөгет болатын қоғамға қарсының және тозығы жеткеннің бәрін өмірмізден өшіруге көмектесіп отыруға тиіс.

Партия жазушыларды творчестволық

көрсістеріне қарсы, әдебиетті тозындылық, идеясыздық және торушылық тұрғыдан итермелеу әрекеттеріне қарсы күресті отыруға тиіс. Совет әдебиеті, дүние жүзіндегі ең озық әдебиет ретінде, еңбекшілер ісіне қызмет етуге, сөйтіп, дүниежүзілік суреткерлік творчествосының биік шыңында болуға міндетті.

Біздің жазушыларымыздың орқашан да халықпен бірге өмір сүріп, оның мүдделері мен ынтызар тілектеріне орнақ болуы, коммунистік қоғам орнатуың белсенді қатысушылары болуы, біздің замандастарымызды, нақты кейіпкерлерді—коммунизм құрылысшыларын қарып, біліп отыруы одақтың үнемі қамқорлық жасап отыратын ісі болуға тиіс.

Жас жазушылардың творчестволық жағынан өсуіне үнемі көмектесу, совет әдебиетін жас таланттармен байытып отыру, Совет жазушылары одағының аса маңызды міндеттерінің бірі болып табылады.

Жазушылардың бүкіл белсенді күштерін идеялық жағынан онан әрі топтастыру, жазушылар арасында принципті сын мен өзара сынды бағыл өрістетіп отыру, творчестволық мәселелерді жолдастықпен талқылау—совет әдебиетінің жаңа табыстарға жетуінің кепілі.

Коммунистік партияның Орталық Комитеті совет жазушыларының екінші съезінің ойдағыдай жұмыс істеуін тілейді және біздің жазушыларымыз совет халқына жаналмай қызмет етуге өздерінің барлық күшін жұмсайды, коммунизм орнатуың ұлы заманына лайықты шығармалар жасайды деп, берік сенім білдіреді.

**СОВЕТ ОДАҒЫНЫҢ КОММУНИСТІК ПАРТИЯСЫНЫҢ ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІ.**

## Завод конструкторлары жасаған автоматтар

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Синтетикалық каучук заводында өндірісті автоматтандыру жөнінде зор жұмыс жүргізілді. Көптеген технологиялық күрделі процестер автоматтандырылды. Бақылаушы өлшеу аспаптары цехының механигі Николай Степанович Володзев өлшеушілер 500 мың сомдай үнем жасауға мүмкіндік береді. Заводтың бір топ инженер-техник қызметкерлері химиялық өнімдерді өздігінен анализдейтін нұсқалы аспаптар конструкциялады. Бұлардың арасында заттың сыбағалы салмағын, катализатордың тотығу дәрежесін анықтайтын автоматтар бар. Қарбид пештеріне шикізат толтыруды автоматтық түрде реттеуге арналған тетіктің өндіріске енгізілуінен экономикалық зор пайда түсті.

Кәзір технологиялық режим бұзыла қалса, бұл жөнінде дыбысты және сәулелі белгілер хабар береді. Автомат блокировка кеңінен қолданылады. Автоматтар аппараттарындағы өнімдердің қысымын және дәрежесін, олардың жұмсалуын, температурасын, құрамын реттейді.

Кәсіпорында жыл басынан бері авол конструкцияларының чертеждері бойынша жасалған алуан түрлі 27 автомат орнатылды.

## Жемшөп тасушы механизмдердің жарысы

СЕМВІЙ. (ҚазТАГ). Облыс МТС-терінің механизмдері колхозшылардың қоғамдық мал қыстатуды ұйымдастыруына көмектесуде. Уржар ауданының «Красный Октябрь» ауылшаруашылық артелінің отардары участей орталық усадьбадан 100 километрге қашық орналасқан. Мұнда малшылармен бірге Некрасов МТС-нің механизмдері жұмыс істеді. Андрей Мищенко, Павел Сушенко, Константин Киричев, Иван Варченко қуатты тракторларды пайдаланып темір арқан-дардың көмегімен алыс шалғындарда дайындалған ішпенді тасып жеткізуде. Тасу кезінде жемшөптің ысырап болуына жол бермеу үшін мая сүйреткен тракторлардың ішінде түсіп қалған жемшөпті жыйнап алу ұйымдастырылды. Механиза-

## Жоспардан тыс шығарылған болат

ТЕМІРТАУ. (ҚазТАГ). Қазақ металлургия заводының прокатшылары өндіріс қарқынын арттыруда. Жоспарға қосымша жүздеген тонна өнім берілді.

Рахмет Сарқисанов басқаратын «400» станцияның бригадасы жарықта бірінші орында келеді. Ол 1955 жылдың есебіне еңбек етуде. Төлепберген Нұрбековтың бригадасы жоғары өнімді жұмыс істейді.

торлар қысқа мерзімнің ішінде базаға 34 мың центнер ішпен тасып жеткізді. Жемшөп тасуда Мақанның МТС-нің механизмдері жақсы еңбек етуде. Илья Сквориковтың трактор бригадасы Молотов атындағы колхозға төулік бойына жемшөп тасуда. Бригада жемшөп тасу жөніндегі тапсырманы мерзімінен бұрын орындауды ұйғарды. Тракторшылар тапсырманы күн сайын біржарым есе асыра орындауда.

Кәзір облыста 300-ден аса трактор жемшөп тасуға пайдаланылуда. Механизаторлар бұл жұмысты декабрьде аяқтау үшін жарыса түскен. Олар мал қыстайтын орындарға күн сайын мыңдаған тонна жемшөп жеткізеді.

Ол металл прокаттау графитін мерзімінен 30 сағат бұрын орындады. Нұрбековтың бригадасы кеше түнгі сменада 579 кесе болат прокаттады. Бұл нормадан 160 болат артық. «280» және жұқа табақ болат стандартының коллективтері смена-лық тапсырмаларын едәуір асыра орындауда.

зу өзірлік жасалуда.

«Бірлік» колхозының қоғамдық мал шаруашылығы да егін шаруашылығы сыяқты жылдан жылға өркендеп келеді. Бұдан 4—5 жыл бұрын ірі қарамақ фермасында ірілі-ұсақты небары 209 мөл болатын, оның ішінде 37-сі гана сауын сыйыр еді. Ал 1954 жылы ферманың жалпы мал басы үш есе, сауын сыйыр төрт есе өсті. Осы мерзім ішінде жылқы мен қой-ешкі саны да едәуір көбейіп отыр.

Қоғамдық мал басын өз төлі есебінен өсіруде Ысмағұлов, Бейсенбаев жолдастар басқарған жылқы және қой фермаларының коллективтері айтарлықтай табыстарға жетті. Бұл фермаларда еңбек ұйымдастыру ісі нығая түсуде. Соның нәтижесінде малды бағып-күту жұмыстары ойдағыдай жүргізіледі. Мал шығынсыз және күйлі өсіріліп, төл аман сақталады. Колхозда қой мен жылқы өсірудің үстіміздегі жылы жоспары артығымен орындалды. Кәзір фермаларда 200-ге жуық жылқы, 620 ірі қарамақ, 2200 қой-ешкі бар.

Шаруашылық салаларының кең қулап сермен өсуі онда істейтін адамдарға байланысты. Сондықтан да «Бірлік» колхозының шаруашылығын сөз еткенде, ондағы тамаша адамдарға тоқталмай өте алмайсыз. Ал мұндай адамдарды бұл колхоздан көптеп кездестіруге болады. Мәселен, сауыншы Нұрманова Жөнәпияны алайық. Үстіміздегі жылы ол қарамақсындағы 14 сыйырдың әр қайсысынан 1520 литрден сүт санды. Сол сыяқты сауыншы Б. Османова жолдас та сүт сауудың жылдық жоспарын толық орындауға жетісті. Солдай-ақ Игібай Қанапін басқарған жылқышылар, шопан Заку Біріков, мал күтушілер Ермек Көшімбаев, Есенберген Қожырбаев, Олайбай Нұрманов сыяқты бірнеше озат колхозшыларды атауға болады. Міне, бұлар колхоздың малын өсіруден шын мәнісінде еңбек сіңіргендер. Олар мал шаруашылығы саласында үнемі үлгілі жұмыс істеп келеді. Өздерінің көп жылдық тәжірибелерін байыта түсу арқылы қоғамдық мал басын шығынсыз, күйлі етіп өсіріп, қажырай еңбек үлгісін көрсетуде.

Колхоз қой басын өсірумен бірге, одан жүн алуға да едәуір табыстарға жетті. Өткен жылмен салыстырғанда быыл бір қойдан 400 грамм жүн артық қыр қылды. Ет және жұмыртқа жөніндегі белгіленген жоспарлар да асыра орындалды.

## ШӨП ТАСУ ҚАРҚЫНДЫ ЖҮРГІЗІЛУДЕ

Приемің ауданы, Аманкелді атындағы колхоздың мүшелері мал шаруашылығын мол табысты салаға айналыру жолында аянбай еңбек етіп келеді. Колхозшылар мал шаруашылығындағы шешуші кезең—мал қыстау маусымын үлгілі өткізу үшін жазды күні 18 мың центнер ірі сабақты жемшөп және 3200 центнер сабан-топан дайындаған еді. Колхозда бұдан басқа құнарлы азық және концентратты жем бар. Бұл малды қолда бағып-күту маусымына толық жетеді.

Колхозда мал басының жыл санап өсуіне байланысты быылғы жылдың өзін-

даның алдымен құнарлы жемшөп жеткізілісі болады. Жемшөпті малға алдынала туран, бұлап жұғамды етіп беру сыяқты тиімді әдістер әлі де ойдағыдай қолданылмай келеді. Құнарлы жемшөпті неғұрлым мол дөйінді жөнінде колхозға Семиполка МТС-нің басшылары да жөнді көмек көрсетпейді. МТС колхоздың мал шаруашылығындағы еңбекті көп керек ететін жұмыстары механикаландыруына жөнді көңіл бөлмей отыр.

Колхоздың қоғамдық шаруашылығы өркендеумен қатар, колхозшылардың мәдени-тұрмысы да жылдан жылға жақсарып келеді. Артельдің орталық көпесіңдегі өсем салынған екі-үш бөлмелі биік ағалы үйлер аядайлап көз тартады. Бұл үйлердің сырты қандай көркем болса, іші де сондай көрікті. Ол үйлерде колхоздың таңдаулы адамдары—тракторшылар, комбайншылар, жылқышылар, сауыншылар мен шопандар тұрады.

Артель соңғы кезде екі жүз автомашинасын, электр станциясын сатып алып, жаңадан дүірмен орнатты. Жақын күндері тағы да бір жеңіл «Москвич» машинасын алғалы отыр. Кәзір әрбір колхозшының үйлеріне радио орнатылған. Олар Отанымыздың астанасы—Москвадан, Алматыдан, еліміздің тағы басқа қалаларынан күнделікті жаңалықтарды естіп, әңгіулер тыңдайды.

Дәулеті мен мәдениеті бірдей өскен бұл колхозды ауылдың мектебінде, оқу үйінде, дүкенінде, кеңесінде Ильич шамдары жарқырайды. Сол сыяқты колхозшылар үйінде де таяуда Ильич шамдары жанатын болады.

Егіншілік пен мал шаруашылығынан және шаруашылықтың басқа тарауларынан түскен қаржы колхоздың ақшалай қорын быылдың өзінде-ақ жылдағыдан көбейте түсті. Жыл аяғында артельдің бір жылдық табысы жарты миллион сомна аспақ.

—Бұл біздің бүгінгі қол жеткен табысымыз ғана,—дейді Тоғанбаев жолдас,—колхоздың келешегі бұдан да зор, бұдан да сәулетті. Партия мен үкметіміздің басшылығына сүйене отырып, колхоз шаруашылығының барлық саласын бұдан былайда жедел өркендетуге береміз.

Міне, байлығы мен мәдениеті өскен «Бірлік» колхозының бүгінгі өмірі осындай. Колхоз бұдан былайда жаңа табыстарға жете бермек.

**Б. СӘЛМЕНОВ.**

## Совхоздарды сумен қамтамасыз ету

Республикамыздың совхоздар министрлігінің сушаруашылық басқармасы 1954 жылғы сушаруашылық құрылысының қорытындыларын шығарды. Быылғы жылы көбіне жаңа астық совхоздарында 415 шөгелделген құдық, 77 бұрылған скважина, 129 тоғай мен су қойма, екі су проводы салынып пайдалануға берілді. 12 желіасос қандырып монтажданды.

Кәзір республикада жаңа астық совхоздарының ұйымдастырылуына байланысты оларды сумен қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстардың көлемі мықтап артты. «Гипросовхозстройдың» Қазақ филиалының бес экспедициясы Костанай, Алматы, Қарағанды, Павлодар және Ақмола облыстарының жаңа совхоздарында зерттеу жұмыстарын жүргізіп, су құрылыстарының жобаларын жасауда. Екі экспедиция—москвалық және астрахань-лық экспедициялар Көкшетау және Батыс Қазақстан облыстарында жұмыс жүргізеді.

Су құрылыстарының жобалары жергілікті орындарда жасалып, құрылысшыларға тапсырылатын болады.

(ҚазТАГ).

**Р. ҚАСЕНОВ.**

# МТС және ММШС директорларының республикалық кеңесі

15 декабрьде Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік Академиялық опера және балет театрында МТС және ММШС директорларының республикалық кеңесінің қорытынды мәжілісі болды. ССРО Ауыл шаруашылығы министрінің бірінші орынбасары В. В. Мацневич жолдасқа сөз берді. Ол партия мен үкметтің Қазақстанға оның өндірісін жүргізуде еркендетуде көрсетіп отырған зор көмектері туралы баяндады. Устіміздегі жылы тек МТС-тердегі құрылыстарға 260 миллион сом қаржы босатылды, бұл соңғы жылдары қоса алғанда бірнеше есе артық. Быйыл машина-трактор паркі 21 мыңнан астам физикалық тракторлармен, ондаған мың ауылшаруашылық машиналармен толықтырылды. Механизаторлар кадрлары нығайтылды. Қазақстанның МТС-тері ауылшаруашылық жұмыстарын едәуір жақсы орындап, техниканы пайдалануды жақсартты.

Сонымен бірге, деді шешен, республиканың машина-трактор және машина-мал-шаруашылық станцияларының жұмысы көп жақсартуды тілек етеді. Олардың жұмысындағы басты кемшіліктердің бір-сол—ұйымдастыру жұмысы нашар болып келеді. Бұл ең алдымен кадрларға басшылықта байқалады. Кадрларды дұрыс орналастыруды, жыл бойы олардың еңбегін дұрыс ұйымдастыруды білмейді. МТС басшылары мен ауылшаруашылық органдары тарапынан механизаторларға қажетті тұрмыстық жағдай жасалмайтын, оларды мәдени қамту жөнінде қамқорлық көрсетілмейтін фактілер аз екені мәлім.

Мацневич жолдас ауыл шаруашылығын оған әр- өркендетуде МТС мамандарының атқаратын ролі туралы айтты. Агроном—бұл ең алдымен үлгіші және ұйымдастырушы. Ол ғылым мен озат практикааның табыстарын өндіріске жеңімен енгізуге жеткізуге тиіс. МТС басшылары мамандарға бұл міндетті орындау үшін көмек көрсетулері керек.

Өзінің сөзінде Мацневич жолдас машина-трактор станцияларының жұмысын жақсартуда зор роль атқаратын МТС құрылыстарының проблемаларына, жөндеу басталарын нығайту, жоспарлау және басқа мәселелерге көп назар аударды.

Ғылыми зерттеу мекемелерінің жұмыстары көп назар аударарлықтай. Республиканың ғылымдары тыңды өңдеудің тәсілдерін жасау жөнінде бірқатар жұмыстар істеуге тиіс. Колхоз ғалымы Т. С. Мальцев ұсынған агротехниканың негізінде ғылыми зерттеу жұмысын МТС-тер мен колхоздардың практикасымен тығыз байланыстыра отырып, мал шаруашылығы өндірісінің де бірқатар проблемаларын шешу қажет.

Ақтөбе облысы, Мартық МТС-нің директоры Понсмаренко жолдас станцияның қамтуындағы колхоздарға қоғамдық мал шаруашылығын өркендету жөніндегі жұмыс тәжірибесімен ауысты. МТС шөп сүрлеу жоспарын орындады. 11 фермаларда су беру механикаландырылды, төрт фермада автомат суарғыштар, 11 жемшөп будандырылғыштар орнатылды. Мал азығын алдын-ала әзірлеуде көзір үш шөп үр-

бойынша орындалған жұмыстардың есебімен үнемі шұғылданбауларынан, ақшалай, заттай ақыны дұрыс есептеп, колхоздарға есептарды кезінде тапсырмауларынан болып отыр.

Төлөбаев жолдас бірқатар МТС басшыларының мемлекеттік әрбір тыйынды орынды пайдалану үшін қажетті күрес жүргізеуі, несіздікке жол беруі жөнінде фактілер келтірді. Алматы облысы, Қара-түрік МТС-нің жұмысын тексергенде бөлшектеліп тасталған 10 трактор, 12 комбайн, 3 жүк машинасы және 1 өкелектор бар екені анықталды. Алайда бұл жөнінде қиыны атамдар жауапқа тартылмаған. Кейбір МТС-тер жыртылған жерлерге егінді толық сеппейді. Сөйтін, мемлекет пен колхоздарға зор нұқсан келтіреді. Мәселен, быйыл Оңтүстік Қазақстан облысындағы Сузақ МТС-і жыртылған 3400 гектарға жуық жерге егін салмады.

Бұл елеулі кемшіліктердің себебін Төлөбаев жолдас МТС-тердің жұмысына терең талдау жасап, несіздікке жол берген және финанс төртін бұрмалаған станция директорларын кезінде түзетпеген облыстық ауыл шаруашылығы басқармалары, сондай-ақ Министрліктің басшыларынан іздестіру керек деп біледі.

Гурьев облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы Войнарович жолдас облыс ауыл шаруашылығы еңбекшілері малдың барлық түлігі бойынша мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын артығымен орындағанын хабарлады.

Шешен облыс колхоздарының ауыл шаруашылығын өркендетуін дұрыс жоспарлағаны үшін республиканың ауыл шаруашылығы министрлігі мен мемлекеттік жоспарлау органына орынды сын есептерге жасалаы. Министрлік 1954 жылғы ММШС құрылыстарына титульді тізімді жергілікті шаруашылық органдарымен кеңеспей, бұл жөнінде шікір алыспай жасады.

МТС-терге жаңа техниканы жіберуді жоспарлауда да көп қателіктер бар. Мәселен, Ауыл шаруашылығы министрлігі Гурьев облысына тракторлар беруді мейлінше қысқартып, оның орнына өзінің жөнетін шөп машиналарын жіберуге тығынады. Алайта бұл агрегаттар теңіз жағасындағы аймақтарда және құмды жерлерде өнімді жұмыс істей алмайды, ал мұндай шөп машиналары мұнда 50—60 процент.

Мемлекеттік жоспарлау органы, деді мәлімдеді Войнарович жолдас, Гурьевтің колхоздарында егіс шаруашылығын кеңейтуге қарсылық білдіреді. Ол Еділінің Жайықтың және Қызылдың суларымен мыңдаған гектар жерлерді суаруға болатынын естен шығарады. Бұл алаңдарда түрлі ауылшаруашылық дақылдарын өсіруге толық болады. Мәселен, Теңіз ауданының Калинин атындағы колхозы көздік өзінде суармалы алаңдардың жері гектарынан 70 центнерден жүгері жыйнап отыр. Өткен күзде колхоздар мыңдаған гектар жерлерге дәнді дақылдарды алғашқы рет екті және ол дақылдар жақсы өсуде.

дірістік жұмыстарымен жете шұғылданбайтынына, оларды социалистік жарысқа ұштастырмайтынына тоқталды. Мынадай жағдай әлі де бар: комсомол жұртшылығы қоғамдық тәртіпті және көпшілік орындарындағы ережені бұрмалаушыларға қажетті тойтарыс бермейді.

Сөзінің қорытындысында Кенжебаев жолдас жас механизаторлардың тұрмыстық жайымен оларды мәдени қамту жөніндегі шараларға тоқталды.

Мұнан кейін сөз сөйлеген Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрлігінің мал шаруашылығы және мал дәрігерлігі басқармасының бастығы Галочкин жолдас өзінің сөзін қой шаруашылығын өркендету проблемаларына арнады. Шешен бұл шаруашылықтың арта қалуының басты себептерінің бірі МТС басшылары мен мамандары тарапынан қоғамдық шаруашылықтың бұл маңызды участогін жете бағаламаушылық болуынан деп біледі.

Күріш шаруашылығы жөнінде Қызылорда облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының бас инженері Пак жолдас сөз сөйледі. Бұл облыста күріш шаруашылығының зор резервтері бар, деді ол. Бұл резервтерді қозғалысқа келтіру үшін күріш өңдеудің мәдениетін анағұрлым арттыру, ең алдымен жер пайдалану мен су пайдалануды ұйымдастыруды жақсарту қажет. Су шаруашылығы жайының қанағаттансыз болуы салдарынан бірқатар өңбекті көп қажет ететін жұмыстарды механикаландыру мүмкін болмай отыр. Күрішті шалғымен және орақпен жыюға мәжбүр болып жүрміз. Өнімсіз көп өңбекті жұмсалтуы осыған болып отыр.

Пак жолдас Қызылорда облысының бір топ мамандары—күріш өсірушілерінің Краснодар өлкесінің күріш егетін шаруашылықтарында болғаны жөнінде айтты. Краснодарлықтардан көп үйренуге болады. Олардың егісінің барлығы үлгілі жұмыс аталған жерлерге орналастырылған. Кубандықтар егіс көлемінің әрбір гектарынан 30—40 центнерден күріш алып келеді. Мұндай жоғары көрсеткіштер—плантацияларда өңбекті көп қажет ететін процестерді механикаландырудың, озат агротехниканы қолданудың нәтижесі.

Шешен Қызылорда облысында күріш шаруашылығын оған әрі өркендету үшін зор маңызы бар бірнеше ұсыныстар жасады.

Сөз Алматы облысы, Іле МТС-нің директоры Прибылин жолдасқа берді. Быйыл станция қамтуындағы колхоздар астықтың шығымдылығын анағұрлым арттырғанын баяндады ол. Мәселен, күздің идай егісінің әрбір гектарынан 18,2 центнерден өнім алынды. Шешен мал шаруашылығындағы жұмыстардың көлемі ұлғаюына байланысты МТС-тің қажетті уралы айтты. Ол Қарой мекенінде қажетті техникамен, жөндеу құралдарымен және төтер үйлермен қамтамасыз етілген арнаулы трактор отрядін ұйымдастыруды жөн деп есептейді. Бұл машинаны жақсы пайдалануға, отардағы мал шаруашылығы үшін қажетті мал азығы қорын жасауға көмектескен болар еді.

—Егін жыйнау кезінде...

# Совет Үкметінің Франция үкметіне нотасы

16 декабрьде ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотов Францияның ССРО дағы Елшісі Л. Жюк мырзаны қабылдап, оған ССРО Үкметінің Франция үкметіне жолдаған мынадай нотасын тапсырды:

«Совет Үкметі Франция үкметінің назарын мынаған аудару қажет деп санайды: Француз үкметінің Париж келісімдері деп аталатындарды жасасуда бейнеленіп отырған әрекеттері «Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Француз республикасының арасындағы одақ және өзара көмек туралы договор» бойынша Францияның өзіне алған міндеттемелеріне түбірімен қайшы келеді.

Бұл договор дүниежүзілік екінші соғыстың аяғында, 1944 жылы 10 декабрьде, Совет Одағы мен Франция антигитлерлік коалициядағы басқа мемлекеттермен бірге өздерінің күштерін тығыз біріктіріп, Европаны халықтарының ортақ жауы—герман милитаризміне қарсы ауыр күресті жүргізіп жатқан кезде жасалған болатын. Совет және француз халықтарының таңдаулы ұлдарының төгілген қанымен кіріктірілген француз және совет договоры герман милитаризмі тарапынан жаңадан агрессия жасалуына жол бермеу үшін және бұл арқылы, Европада жаңа соғыстың басталуына жол бермеу үшін Франция мен Совет Одағының бірлескен шаралар қолдануын көздейді.

1964 жылдың аяғына дейінгі мерзімге жасалған бұл договорды былай делінген:

«Жоғары мәртебелі келісуші жақтар Германияға қарсы кәзіргі соғыс аяқталғаннан кейін де Германиядан шығатын жаңа қауіпті қандайын болса да жою үшін және оның тарапынан жаңадан агрессия жасауға тырысудың қандайына болса да мүмкіндік беретін әрекеттерге кедергі жасауға барлық қажетті шараларды бірлесіп қолдануға міндеттенеді (3-ші статья). Бұдан әрі договорда былай делінген: «Жоғары мәртебелі келісуші жақтар жоғары мәртебелі келісуші жақтардың біріне қарсы бағытталған ешқандай одақ жасамауға және ешқандай коалицияға қатыспауға міндеттенеді» (5-ші статья).

Мұнымен бірге, договорда Германия тарапынан агрессия жасала қалған күнде екі жақтың бір-біріне көмектесу жөнінде алған міндеттемелері бар, бұл Францияның да, сол сыяқты Совет Одағының да хауіпсіздігін қамтамасыз ету мүдделеріне сай келеді.

Француз-совет договоры жаңа герман агрессиясының жасалу мүмкіншілігіне жол бермеу мақсатын көздеп отырса, Франция үкметі қол қойған Париж келісімдері герман милитаризмінің қалпына келтірілуіне әкеліп соғады, сөйтін, жаңадан герман агрессиясының хауіпін туғызады. Бұл келісімдер Батыс Германияны ремилитарландыруды және тіпті жуырда ғана Францияның, Совет Одағының, Польшаның, Чехословакияның, Югославияның, Норвегияның, Бельгияның және басқа еуропалық мемлекеттердің оккупацияланған территорияларында қан төгіс террор мен өзүшіліктің фашистік тәртібін орнатпақ болған бұрынғы гитлершіл генералдар

лысын қоса Батыс Германияның бүкіл ауыр өнеркәсібі қайтадан қару-жарақ өндіруге көшіріліп отыр.

Кәзіргі бар халықаралық келісімдерді бұзып, Париж келісімдері Батыс Германия милитаристері мен кешкілерінің қолына атом қаруын, сол сыяқты химиялық және бактериологиялық қаруды береді, мұның өзі өте ауыр зардаптары және сансыз көп құрбандықтары болатын атом, химиялық және бактериологиялық қырғын соғыстың хауіпін көп дәрежеде күшейте түседі.

Сонымен бірге, Париж келісімдері ремилитарландырылған Батыс Германияны агрессияшыл Солтүстік-Атлантика блогіне және Совет Одағы мен халықтық демократия елдеріне қарсы бағытталған басқа соғыс топтарына қатыстыруды көздейді. Бұл—француз-совет договоры бойынша, Франция Совет Одағына қарсы бағытталған ешқандай соғыс одақтарына кірмеуге, өзіне міндеттеме алғанына қарамастан Франция осы топтарға қатысушы басты мемлекеттердің бірі болып қайта тудырылып жатқан герман милитаризмі мен соғыс одағын жасап отыр деген сөз.

Совет Үкметі француз үкметінің мұндай әрекеттері одақ және өзара көмек туралы француз-совет договорының рухына жән мазмұнына мүдде қайшы келетінін бұған дейін талай рет, атап айтқанда, өзінің осы жылғы 23 октябрыдегі, 13 ноябрыдегі және 9 декабрыдегі ноталарында көрсетті. Париж келісімдеріне қол қойып, Франци жаңадан герман агрессиясының жасалуына жол бермеу жөнінде де, сол сыяқты Совет Одағына қарсы бағытталған соғыс одақтарына қатыспау жөнінде де Француз-совет договоры бойынша алған өзінің одақтастық міндеттемелерін өрескелдікпен бұзды.

Совет Үкметі Франция үкметінің назарын герман милитаризмін қалпына келтіру саясатына байланысты барлық хауіптерге талай рет аударды. Мұның өзінде Совет Үкметі ССРО мен Франция тарапынан Европада бейбітшілікті қамтамасыз етіп, нығайтуға және герман проблемасын реттеу жөніндегі ең шұғыл мәселелерді шешуге бағытталған бірлескен шаралар қолдану қажет екенін үнемі көрсетіп отырды.

Жалпыгерманялық еркін сайлау өткізу жолымен бейбіт және демократиялық негіздерде Германияның бірлігін қалпына келтіру туралы мәселені шешу мақсатымен, Совет Үкметі төрт держава сыртқы істер министрлерінің кеңесін көпшілікпен шақыруды ұсынды.

Мұнымен бірге, Совет Үкметі Франция үкметіне, қоғамдық және мемлекеттік құрылыстарына қарамастан, барлық еуропалық мемлекеттер қатыса алатын Европада коллективтік хауіпсіздіктің негізіндегі системасын құру туралы жалпыевропалық договор жасауға көмектесуге ұсынды. Мұндай договорды жасау Европаның барлық халықтары үшін бейбітшілік жағдайында өркендеуді қамтамасыз етер еді. Совет Үкметі Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру тура-

беруге бағытталды. Мұның Франция мен ССРО-ның хауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін және Европада бейбітшілікті нығайту үшін айырықша зор маңызы бар.

Совет Үкметі Франция үкметінің Европада коллективтік хауіпсіздікті ұйымдастыруға және герман проблемасын бейбітшілікпен реттеу жөніндегі ең шұғыл міндеттерді шешуге қатысудан бастартқанын қынжылғандықпен атап көрсетеді. Совет Үкметінің жоғарыда аталған ұсыныстарын және оның достық сақтандыруын қабылдамай, Француз үкметі өзінің француз-совет договоры бойынша алған міндеттемелерімен, Европа халықтарының бейбітшілігі мен хауіпсіздігін нығайту мүдделерімен санасқанын көрсетті.

Француз үкметінің кәзіргі саясаты Францияның одақ және өзара көмек туралы француз-совет договоры бойынша алған міндеттемелеріне сай келмейтіні былай тұрсын, қайта ол Совет Одағы мен еуропалық бейбітшілік басқа мемлекеттерге тікелей қарсы бағытталып отыр.

Франция үкметі Париж келісімдеріне қол қойды және кәзір бұл келісімдерді бекітуді қайтесе де тездетуге тырысуда. Сонымен ол Батыс Германияны ремилитарландырып, оны аталған соғыс топтарына қатыстыруды тездетуге тырысып отыр.

Мұндай жағдайда француз-совет договоры жасалған кездегі көзделген мақсаттарға қызмет ете алмайды. Бұл договордың бар екеніне қарамастан, Франция үкметі Батыс Германияда милитаризмді қалпына келтіру позициясына түсіп, ремилитарландырылып жатқан Батыс Германияны Совет Одағына және еуропалық басқа бейбітшіл мемлекеттерге қарсы соғыс топтарына тартып отырғандықтан, француз-совет договоры бейбітшілік мүдделеріне қызмет ете алмайтыны былай тұрсын, қайта мұның керісінше, Америка Құрама Штаттары бастаған агрессияшыл соғыс топтарына кірген Франция үкметінің кәзіргі саясатын бүркемелейтін құралға айналады. Совет Үкметі мұндай жағдайға төзе алмайды және бұл туралы совет халқына да, сол сыяқты француз халқына да айтпай отыра алмайды.

Осының бәрі Париж келісімдерін бекіту Европадағы барлық жағдайды елеулі түрде сөзсіз қыйындатағынын, бұл бекіту Европадағы бейбітшілікті пен хауіпсіздікті мүдделеріне сай келмейтінін және ол жаңа соғысты әзірлеумен шұғылданып отырған кейбір мемлекеттердің агрессияшыл топтарына ғана қажет екенін дәлелдейді.

Осындай жағдайда Париж келісімдерін бекіту әрекеті одақ және өзара көмек туралы француз совет договорды жоғалтады және бұл договорды жоюды деп мәлімдеуді Совет Үкметі өзінің борышы деп санайды. Бұл үшін барлық жауапкершілік Францияға, француз үкметіне жүктеледі.

Париж келісімдері бекітілгеннен кейін Совет Үкметіне ССРО Жоғарғы Советі Президиумының қарауына Советтік Социалистік Республикалар Одағы мен Француз

де мал азығын ұнтақтайтын машиналар пайдаланылууда. Механизаторлар жемшоп базасын нығайту жөнінде зор қамқорлық көрсетуде. Быйыл станция аймағының колхоздарында 14 мың гектардан астам шөп, оның ішінде көптеген житняк егілді. Тәжірибе көрсеткендей житняктің күзгі егісі жоғары өнім береді. Сондықтан бұл дақылдың көктемгі егісінен бас тартуға тура келеді. Осының нәтижесінде, мәселен, «Социализм» колхозында быйыл әрбір гектардан 25 центнерден шөп жыйнады, өткен жылы небары 5—7 центнер ғана болған.

Мал азығының базасын нығайту малдың өнімділігін арттыруға ойдалғандай әсер етіп отыр. Мартық МТС-і қамтытын колхоздар сүт сауу жөніндегі жоспарды 135 процент орындады.

Қазақ ССР Финанс Министрі **Төлебаев** жолдас сөз сөйледі.

—Қазақстанның машина-трактор станциялары, — деді ол, — ірі мемлекеттік кәсіпорындарына айналды, колхоздардың қуатты индустриалды және материалды-техникалық базасы болып табылады. Мемлекет МТС-тердің күрделі құрылыстарына, олардың машина-трактор паркін көбейтуге зор қаржы жұмсап отыр. Әрине бұл шығындар МТС-терден колхоздарда орындаған жұмыстары үшін алған табыстары есебінен белгілі мөлшерде қайтарылуға тиіс. Алайда республиканың МТС-тері табыс жөніндегі мемлекеттік жоспарды үнемі орындай алмай келеді. Үстемдегі жылдың 11 айында жоспар небары 77-ақ процент орындалды. Мұндай жағдай МТС және ММШС басшыларының колхоздармен жасасқан шарттар

—Есверте кету орынты, — дейді шешен, — мемлекеттік жоспарлау органы председателинің орынбасары Филатов жолдас 1950 жылы мал шаруашылығын жүргізудің отар-жайылым түрі туралы өзінің кітапшасын жариялады, онда қателік жіберді. Ол ауа райының жағдайына байланысты Гурьев облысында мал шаруашылығы көшпелі болуға тиіс деп мәлімдеді. Сөйтіп ол бізді мал шаруашылығының заманы өткен көшпелі түріне итермеледі.

Егер республиканың жоспарлау орындары өмірден қол үзбей, облыстың ауыл шаруашылығын әркендетудің перспективті мәселесімен үнемі шұғылданып отырса, деді Войнарович жолдас, бұл қателіктер мен кемшіліктерді жоюға болар еді.

—Қазақстанның МТС-терінде 60 мыңнан астам комсомолецтер мен жас механизаторлар — жұмыс істейді деп хабарлады ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары **Ненжебаев** жолдас. — Олардың ішінде СОБП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумынан кейін ауыл шаруашылығына жұмысқа келген мыңдаған комсомолецтер бар. Қостанай облысы, Жаркөл МТС-нің Иван Рудский жолдасын комсомол-жастар трактор бригадасы, Ақмола облысы Казгочинск МТС-нің Федор Челобитыко басқарған бригада, ондаған басқа коллективтер өздерінің еңбектегі табыстарымен жұртшылыққа мәлім болды. Сонымен қатар Ненжебаев жолдас Алматы, Көкшетау, Оңтүстік Қазақстан және бірқатар басқа облыстардың машина-трактор станцияларының комсомол ұйымдарының әлде болса жастар арасында саяси және ұйымдастыру жұмысын нашар жүргізіп отырғанына, жас механизаторлардың өн-

деді Солтүстік Қазақстан облысы Преснов МТС-нің бас агрономы **Соловьев** жолдас, — бізде 22 механикаландырылған қырман болды. Алайда бүкіл механикаландыру ісі жабайы жасалған велжаларды ұлғайтып, орнатумен ғана тындырылды. Астық тиеу жұмысы қолмен жүргізілді. Бұл еңбекті көп жұмсауға, астық тапсыруды ұзаққа созуға әкеліп соқты. Ауыл шаруашылығы министрлігі көзірден бастап колхоз қыrmандарын механикаландыру ісімен шұғылданып, оларды қуатты велжалармен, автоматты таразылармен, жүк тиеу тін механизмдермен қамтамасыз етуді ойластыруы керек.

Соколов жолдас кенеске қатысушылардың назарын тұқым-бақылау лабораторияларының жұмыстарына аударды.

Шешен Т. С. Мальцевтің топырақты өңдеу және егін егу системасын енгізу жөнінде жүргізіліп жатқан шаралар туралы айтты. Үлкен алаңда зыб қыртысы аударылмай, терең жыртылды. Колхозшылар жаңа системаны агротехникалық курстарда терең үйренбек.

Кенесте Қазақстан КП Орталық Комитетінің секретары **Л. И. Брежнев** жолдас ұзақ сөз сөйледі.

Кенеске қатысушылар Қазақ ССР-ның МТС-тері мен ММШС-терінің барлық тракторшыларына, комбайншыларына, трактор бригадаларының бригадирлеріне, жұмысшыларына, ауыл шаруашылығы мамандарына, барлық колхозшылар мен колхозшы әйелдерге арнап үндеу қабылдады. Онда оларды 1955 жылы Қазақстанның ауыл шаруашылығының алдында тұрған міндеттерді ойдағыдай орындау жолында, ты социалистік жарысты кеңінен өрісте, түте шақырды.

басқаратын батыс герман армиясын құруды көздеді.

Қарамағында авиацияның, танктердің, ауыр артиллерияның ірі күштері және өзінің соғыс штабтары болатын үлкен, батысгерман армиясы құрылып қана жатқан жоқ, сонымен бірге Рур өнеркәсіп об-

лы мәселені талқылау үшін ноябрьдің аяқ кезінде Москвада немесе Парижде барлық европалық елдердің кеңесін әдейі шақыруды ұсынды.

Совет Үкметінің бұл ұсыныстарының бәрі герман милитаризмінің қайта тудырылуына жол бермеуге, француз-совет достық қатынастарын нығайтып, дамыта

республикасының арасындағы одақ және өзара көмек туралы договорды жою туралы ұсыныс енгізуден басқа ешнәрсе қалмайды.

Москва, 16 декабрь, 1954 жыл.  
Француз Елшісі нотаны өзінің үкметіне дереу табыс ететінін мәлімдей.

## Жапониямен қарым-қатынас туралы мәселе жөнінде

ССРО Сыртқы Істер Министрі В. М. Молотовтың мәлімдемесі

Жуырда Жапонияның сыртқы істер министрі Сигемидзу мырза Жапонияның премьер-министрі Хатояма бастаған жаңа үкметі жүргізбек болып отырған сыртқы саясат туралы ресми мәлімдеме жасады. Атап айтқанда, Сигемидзу мырза бұл мәлімдемесінде, кейбір ескертпелер жасағанымен, Жапонияның жаңа үкметінің өзара тиімді жағдайларда Совет Одағымен бірқалыпта қатынастарды қалпына келтіруге әзір екенін білдірді.

Осыған байланысты, Совет Одағының өз тарапынан әзірлік білдірген барлық елдермен қатынастар орнатып, бұл қатынастарды дамытуға үнемі ықылас қоятынын көрсете кету керек. Совет-жапон қатынас-

тарын бірқалыпқа келтіру тек екі мемлекеттің мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге Қызыл Шығыста бейбітшіліктің нығайтылуына және халықаралық шиеленістің бәсеңдетілуіне мүдделі басқа елдердің де мүдделеріне толық сай келеді деп есептеп, Совет Одағы Жапония жөнінде де осындай саясат ұстап отыр.

Совет Үкметінің Жапониямен қатынастарды бірқалыпқа келтіру мәселесіндегі позициясы осы жылғы 12 октябрьде жарияланған Совет Одағының Үкметі мен Қытай Халық Республикасы үкметінің Жапониямен қатынастар туралы бірлескен декларациясында белгіленді. Жұртқа мәлім, бұл декларацияда Совет Одағының Жапо-

ниямен қатынастарды бірқалыпқа келтіруге, өзара тиімді жағдайларда сауданы дамытуға, сол сыяқты мәдени байланыстар жасауға әзір екені білдірілді.

Совет Үкметі Сигемидзу мырзаның жапон-совет қатынастары туралы жоғарыда аталған мәлімдемесіне мақұлдаған пікірмен қарайды. Егер Жапония үкметі бұл бағытта шын мәнісінде қадамдар жасамақ болып отырса, Совет Үкметі өз тарапынан ССРО мен Жапонияның арасындағы қатынастарды бірқалыпқа келтіруді жүзеге асырудың практикалық шаралары туралы мәселені талқылауға әзір.

16 декабрь, 1954 жыл.

## Бұхтарма СЭС-нің құрылысында

ӨСКЕМЕН. (ҚазТАГ). Аблакетка — Себрянка электр сым жолының құрылысшылары мұз күрсаңған Өскемен су қоймасының үсті арқылы сым тарту жұмыстарын аяқтауға жақын.

30 градус болып тұрған аяздар мен үскірж желдер құрылысшылардың жұмысын қиындата түсуде. Бұған қарамастан олар жұмыс графигін мерзімінен бұрын орындауда. Климов, Балтышев және басқалары басқарған бригадалар жақпар тасты жағара биіктігі 65 метр металл тірек орнатты. Ол жер үстінде монтаждалып, одан кейін механизмдер-

дің көмегімен алдын ала бетондап өзірленген іргетастың үстіне көтерілкі орнатты. Соңғы № 93 тіректі орнату анағұрлым қиын болды. Ол іргетастың үстіне жеке секциялар күйінде орнатылды. Бұл жұмысты электросварщик Диж, таскелашны Тюрин, слесарьлар Самарин мен Соколов ойдағыдай орындауда.

Бірнеше күннен кейін 263 тіректің ең соңғысы су қойманың жағасына орнатылып болған соң, бірнеше километрге созылған электр сымны Бұхтарма су торабының құрылысына Өскемен СЭС-пен тоқ жеткізетін болады.

## Механизаторларды „Жаңа жерлер игергені үшін“ значогімен наградтау

КОСТАНАЙ. (ҚазТАГ). Жаркөл МТС-індегі Иван Рудскийдің трактор бригадасы тың жерлер игеруде елеулі табыстарға жетті. Бригада трактор жұмыстарының жылдық жоспарын екі еседі асыра орындады, әрбір он бес аттық күші бар трактормен жұмсақ жер есебімен алғанда 1.384 гектар жер жыртып және осы уақыт ішінде 15 тоннадан аса жанармай үнемдеді. Механизаторлар жоспардағы бір жарым мың гектар орнына 2.765 гектар тың көтерді. Көктемде егін егілген жерлерден гектарына 13 центнерден аса бидай, 15 центнерден аса арпа мен тары алынды. БЛКЖО Орталық Комитеті еңбекте жоғары көрсеткіштерге жеткені үшін Рудскийды, оның көмекшісі Райнды, тракторшылар Денисенконы, Козарьді, Опоқты, Малышты, Күб-

личныйды «Жаңа жерлер игергені үшін» значоктерімен наградтады. Мұнымен қатар Ново-Нежинск МТС-індегі трактор бригадасының бригадирі Винчук пен оның көмекшісі Кушак «Жаңа жерлер игергені үшін» значоктерімен наградталды. Бұлар он бес аттық күші бар трактормен 1480 гектар жер өңдеуді, жоспардағы 2 мың гектар орнына 4230 гектар тың көтеруді қамтамасыз етті. Наградталғандардың арасында Павлов МТС-інің 12 механизаторы, Жаркөл МТС-нің трактор бригадасының бригадирі Леонид Дегтяренко және басқалары бар.

БЛКЖО Орталық Комитеті облыстың небәрі 29 озат механизаторын «Жаңа жерлер игергені үшін» значогімен наградтады.

## Көлдәтіп суарылатын жерлердегі қысқы жұмыстар

КӨКШЕТАУ. (ҚазТАГ). Облыстық су шаруашылығы басқармасының жобалау-ізденісу тобы Қызыл Ту ауданының Чапаев атындағы және «5 декабрь» колхоздарындағы шалғындарды суарудың тұрақты жүйесін жасау жөніндегі іздестіру жұмыстарын аяқтады. 10 мың гектар шалғынды суарудың жүйесін жасау жөніндегі жоба белгілене бастады.

Жемшоп базасын нығайту үшін шабындық жерлерде көлдәтіп суарудың зор маңызы бар. Қызыл Ту ауданының Чапаев атындағы, Айыртау ауданының «Мәдениет», Арыкбалық ауданының Чапаев атындағы ауылшаруашылық артельдері және басқа көптеген колхоздар быйыл суармалы шалғындарда гектарына 20-25 центнерден пішен жыйнады.

Осы маңызды резервті пайдалана отырып, облыстың колхоздары келесі жылғы көлдету әдісімен быйылғыдан көлемі екі еседен артық шалғындар суаруды ұйғарды. Көзір көктемгі суландыру жұмыстарына әзірлік жүргізілуде — тоспалар мен плетиналар салу үшін жергілікті құрылыс материалдары тасып жеткізілуде, мұз үйінділер жасалуда. Қызыл Ту ауданының Чапаев атындағы колхозы үлкен бөгет салды, ол 5 мың гектар шабындық жерге су жаюды қамтамасыз етеді.

Көкшетау ауданының «Северный маяк» және Абай атындағы колхоздарындағы мыңдаған гектар шалғындарды суаруға арналған тұрақты жүйе салына бастады. 200 гектар жерді суландыратын ирригациялық құрылыс пайдалануға беруге әзірленді.



АЛМАТЫ. МТС және ММШС директорларының МТС-тердің 1954 жылғы жұмыс қорытындылары мен 1955 жылы республика колхоздарында ауыл шаруашылығы дақылдарын және мал шаруашылығы өнімдерін оған әрі отыра беруге арналған республикалық кеңесі ашылды.

СУРЕТТЕ: (солдан оңға қарай) 1. Қазақ ССР Ауыл шаруашылығы министрі **Г. А. Мельник** жолдас баяндама асап тұр. 2. Мәжіліс залының жалпы көрінісі.

(ҚазТАГ-тың фотохроникасы).

# Мал фермаларында еңбек ұйымдастыру ісі жолға қойылсын

## Полудень ауданында мал қыстатуға көңіл бөлілбеген

Малды қолға қараған күннен бастап жақсы жүтімге алудың мал шаруашылығынан алынатын өнімнің мол болуын қамтамасыз етуде, мал басын шығынсыз өсіруде ерекше маңызы бар. Сондықтан облыстың бірқатар аудандары мал шаруашылығындағы аса жауапты кезең — мал қыстатуға тынғылықты әзірліктер жасап, оны үлгілі бастады. Бірақ бұл маусымның басталуы Полудень ауданында мүлдем басқаша. Аудан, МТС басшыларының іске нәтижелі қарауы салдарынан көп қолхоздарда жемшөп жеткіліксіз әзірленді. Мал азығын сабан-топан есебінен толықтыру жұмыстары нашар жүргізілді. Аудан басшылары қай қолхозда мал азығының қанша жетіспейтінін білмейді, олар қосымша азық дайындауды ұйымдастыру жөнінде қолхозшыларға нақтылығы көмек, қанды басшылық көрсетпейді.

Полудень ауданында мал қыстату бетімен жіберіліп отыр. Қолхоздарда мал азығының қанша жұмсалғанын және қолда қанша жемшөп барын нақты білу қиын. Мысалға Киров атындағы қолхозды алайық. Мұнда 1 октябрьдегі мәлімет бойынша қорамдық малға дайындалған 13078 центнер шөп, 5261 центнер сабан болатын. Ал бір ай өткен соң мәліметте 1180 центнер шөп, 480 центнер сабан жоғарыдағы мөлшерден артық көрсетілген. Бұл кездерде қолхозда қосымша мал азығы дайындалмағаны белгілі. Бұл фактілер аудан қолхоздарының көпшілігінде кездеседі. Қолхоздарда есеп жұмысының нашарлығы сонша, тіпті Полудень МТС-і аймағындағы қолхоздарда мал қыстатуға ерекше жемшөп мөлшері қажеттегіден 28202 центнер, ал Ново-Георгиев МТС-інде 1872 центнер жем шөп есептелген.

Мал азығын үнемдеуде дайындалған жемшөптің мал базалары жанына тасылып жеткізілуі аса зор роль атқаралы. Солай бола тұрса да, бұл іске Полудень және Ново-Георгиев МТС-нің басшылары жете мән бермей келеді. Рас, қолхоздарда мал қоралары жанына шөп тасу ісіне МТС бірнеше трактор бөлген. Солай бола тұрса да МТС басшылары осы бөлінген тракторлардың қолхоздарда тиімді жұмыс істеуіне бақылау жасамайды. Сондықтан

қолхоздарға шөп тасу үшін бөлінген тракторлар жөбіне босқа тұрады. Мысалы, Ленин атындағы қолхозда Полудень МТС-пен мал қоралары жанына шөп тасуға үш «ДТ-54» тракторы бөлінген. Бұлар қолхозда ешбір жұмыс істемей босқа тұрғанына бір жетіден асты. Оның екеуі радиаторға су қатқан себепті іске қосылмады. Ал бір трактор шөп тасудың орнына, ағаш тартуда жүр.

Мал қоралары жанына шөп тасудың жайы «Қазақстанның 30 жылдығы» қолхозында да осындай. Қолхоз мал базалары жанына 11439 центнер шөп тасуға міндетті болса, қазір небары 5570 центнер ғана шөп тасыған. Ал МТС-тен шөп тасуға жіберілген тракторлар өлі жүнге іске қосылмаған. Сонымен бірге қолхоздарда шөп тасу ісіне көліктердің нашар пайдаланылып отырғанын айта кету қажет. Осылайша МТС-тердің мал қоралары жанына шөп тасу ісіне жеткілікті көңіл бөлмеуі және қолхоздарда бұл іске арнаулы көліктердің бөлінбеуі мал қоралары жанына шөп тасу жоспарын небары 60 процент ғана орындауға әкеліп соқты.

Мал азығын үнемді жұмсау үшін және жүтімдегі малдың ірі сабақты жемшөпті сүйсініп жеуі үшін оларды буландырып, туралған, концентрат азық қосылып нәрлендірілген күйінде берудің маңызы аса зор. Солай бола тұрса да, бұл іс аудан қолхоздарының басым көпшілігінде мүлдем ескеруісіз қалуда. Оған аудан қолхоздарындағы 39 азықбуландырыштың тек 9-ы ғана жұмыс істейтінін айтақ та толық дәлел бола алады.

Бірсыпыра қолхоздарда мал қыстату толық дайындықсыз басталды. Мәселен, «Красный октябрь», «Красное знамя», Чапалаев атындағы, Сталин атындағы қолхоздарда мал жөнделмеген қораларға орналастырылған. Мұндағы қоралардың терезелерінің ойнектері, есіктері жоқ, төбелері ұқыпты жабылмаған. Тіпті «Красный октябрь» қолхозында (председателі Голушко жолдас) жеті мал қорасының бірде-бірі толық жөнделмеген. Бұзау тұратын үй атымен жоқ. Күтімнің нашар болуы себепті көп малдың қоны төмендеп кеткен. Малдарды тәулігіне бір-ақ рет суаралы. Қолхозда дйрмен бола тұр-

са да, шөпшаларға жем үгілмеген күйінде беріледі.

Мұнымен бірге бұл қолхозда мал қыстатуға бес мың центнер жемшөп жетіспейді. Қолхозда жетпейтін жемшөпті толықтыруға болатын қосымша резервтер бар. Бірақ ол резервтер пайдаланылмайды. Мәселен, мыңдаған центнер сабан, 600 центнерден астам малазығындық қызылша жыйналмай қар астында қалды. Бұл азықтарды тасып алуға өлі де болса мүмкіншілік бар. Бірақ басшылар оны тасытып алуды ескермей келеді. Қолхоз шаруашылығының, әсіресе мал қыстату ісінің, мұнша бетімен жіберілуі қолхоз председателі Голушко жолдасының іске дұрыс басшылық етпеуінен болып отыр. Ал шаруашылыққа үнемі басшылық етуінің орнына, мәсүнемізге салынып өз бетімен жүреді. Сондықтан мал қыстатудың жайын білмейді де.

Бұл сияқты жағдай аудан қолхоздарының көпшілігінде кездеседі. Аудандағы 11 қолхоздың ешқайсысында мал қыстату ісі зоотехникалық, малдәрігерлік ережелерге сәйкес: жасына, қолдылығына, денсаулығына қарай бөлініп орналастырылмаған. Малға жемшөпті өлшеп беруге бақылау жасалмайды. Өлі жүнге дейін малға сүрленген азық берілмейді. Аналық малдарды құнарын азықпен азықтандыру, дұрыс жүтімге алу ұйымдастырылмаған.

Қорыта айтқанда, аудан қолхоздарында мал қыстатудың қазіргі барысы өте-өте қанағаттанғысыз. Бұл жағдай аудандық партия комитетінің секретары Дружинин, аудандық атқару комитетінің председателі Засыпкин жолдастардың мал шаруашылығын өркендетудегі шешуші кезең — мал қыстату ісіне өздері тікелей басшылық етіп, бұл істе орын алған кемшіліктерді шұғыл жоюдың шараларын жүзеге асыруларын қажет етеді. Сонымен бірге мал қыстатуға әрбір қолхоздағы мүмкіншіліктер мен резервтерді толық пайдалануды ұйымдастыру керек. Бұлай етпейінше, мал қыстатуды ойдағыдай өткізу мүмкін емес.

Е. ФЕЙГЕ,

ҚНП облыстық комитетінің нұсқаушысы.

## Мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін

Ленин ауданы, Куйбышев атындағы МТС-тің қамтуындағы қолхоздар СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы қауапымен басшылыққа ала отырып, мал шаруашылығын өркендетуде және оның өнімділігін арттыруда едәуір табыстарға жетті. Атап айтқанда, 1954 жылы МТС аймағындағы қолхоздар бойынша аналық мал басы өткен жылғымен салыстырғанда 20 проценттен аса өтті. Оның ішінде

секретарьлары мал өсірудегі шешуші кезең — мал қыстатуды үлгілі өткізу үшін фермаларды коммунистер мен комсомолдер есебінен толықтырды. Қазір МТС қамтуындағы қолхоздарда фермаларда жұмыс істеуге, мал қоралары жанына шөп тасуға 53 коммуніст пен комсомолдер жіберілді.

Мал қоралары қасына жемшөпті тасу

дәрменсіздігі салдарынан мал қыстату бірсыпыра қолхоздарда қысылтанып басталды. Мал қораларының қолайсыз болуынан, малды азықтандыру дұрыс ұйымдастырылмағандықтан және фермалардағы малдәрігерлік көмектің нашарлығынан «Искра» қолхозында мал шығынына жол берілді. МТС-тің аға мал дәрігері Придаткин жолдас қолхоздағы мал алуын және



Петропавл паровоз депосының элентр монтері Алексей Пичугин жолдас бесінші бесжылдық жоспардың мерзімінен бұрын орындау жолындағы жабыста үлгілік алға келеді. Ол қазір 1961 жылдың есебіне жұмыс істеп жүр.

СУРЕТТЕ: А. Пичугин жолдас жүдымыс үстінде.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

## ТОҚСАНДЫҚ ЖОСПАР Орындалды

Ленин атындағы МТС-тің (Приешім ауданы) коллективі тракторлар мен ауылшаруашылық машиналарын жөндеу жұмысын ерте қолға алып, бұл істі ұйымшылдықпен жүргізді. Жөндеу жұмысында тораптық әдіс кеңінен қолданылды. Тораптарда жұмыс істеу үшін алдыңғы қатарлы механиктер, тракторшылар, трактор бригадаларының бригадирлері ірік тәліп тағайындалды және олар тұрақтандырылды. Жөндеуші-механизаторлар керекті қосалқы бөлшектермен, жөндеу материалдарымен уақытылы қамтамасыз етілді. Мастерскойдағы жұмыс орындары жаңа жөндеу аспаптарымен, станоктармен жабдықталды. МТС партия ұйымы жөндеуші-механизаторлардың арасындағы социалистік жарысты ұйымдастырды, оны күнбе-күн басқарып келеді. Оларды мәдени-тұрмыстық жағынан қамтуға ерекше назар аударып отырады.

Міне, осылардың барлығы МТС-те жөндеу жұмысының ойдағыдай жүргізілуіне, әрбір тораптың, әрбір жөндеушінің сменалық, бескүндік тапсырмаларды үнемі толық және асыра орындауына жағдай туғызды. Сөйтіп жөндеуші-механизаторлар 15 декабрьде трактор жөндеудің төртінші тоқсандық жоспарын орындады.

## СОРТТЫ ТУҚЫМ—МОЛ ӨНІМНІҢ НЕГІЗІ

СОКП Орталық Комитетінің февраль-март Пленумы 1954 жылдан бастап әрбір қолхоздың өзінің өнімді мол беретін, аудандастырылған сортты тұқымдары болуын талап етті. Өйткені сортты тұқым әзірлеу—егін шығымдылығын арттырудағы негізгі шарттың бірі.

Себуге арналған тұқым толық, біркелкі, арашөп тұқымдарынан және басқа қоспалардан таза, шығымдылығы жоғары, басқаша айтқанда, себу қондициясына жеткізілген болу керек. Әрбір егіс алаңына сапалы, сортты тұқым себуге жетісу қажет. Яғни себілетін тұқым еталдарттылығы жөнінде I және II класқа жататын болуы керек.

Сортты тұқым жабайы тұқыммен салыстырғанда өнімді әрқашан да 20—30 процент артық береді. Өйткені жабайы тұқымның ішінде бірнеше сортты дән аралас кездеседі. Сондықтан олардың биологиялық және шаруашылықтық қасиеттері әртүрлі болады. Ол сорттардың кейбіреулері ерте піссе, кейбіреулері кеш піседі, ерте піскендерінің көпшілігі құйылып қалады. Сондықтан да жабайы тұқымдар әрқашанда өнімді аз береді.

Сортты тұқымдар өнімді мол беретін дақылдардың түрлерін таңдау, алдыңғы қатарлы агротехникалық шараларды қолдану арқылы іріктелген.

Сорттардың сапасын жақсартуда селекциялық және тәжірибе станцияларынан басқа, аудандық тұқым шаруашылықтары қолхоздарды сортты тұқымдармен қамтамасыз етуде орасан зор роль атқарды. Қолхоздар мен совхоздар әрбір 4 жылдан кейін тұқым участкелерінде себілетін тұқымдарды, аудандық тұқым шаруашылығында өсірілген тұқымдарға ауыстырып тұрады. Селекциялық және тәжірибе станцияларынан шығарылған сорттар мемлекеттік сортсынақ участкелерінде тексерілгеннен кейін аудандық тұқым шаруашылықтарына көбейтілуге жіберіледі. Белгілі бір сорт барлық жерлерде мол өнім бермейді. Олар тек қана өзінше ерекше ауа-жағдайы ыңғайласқан аудандарда ғана мол және тұрақты өнім береді. Сондықтан әр шаруашылық аудандастырылған өнімді сорттарды егуі керек. Біздің Солтүстік Қазақстан облысында қара бидайдың «омска», «безенчук» сорттары, жаздық бидайдың «смена», «мильтурум—553», «гордейформе—10» сорттары, сулының «золотой дождь», «победа» сорттары, арпаның, «Омский—10664», «европеум—353,133» сорттары, тарының «доминское—86» сорты аудандасқан. Сол сияқты басқа майлы және техникалық дақылдардың да аудандасқан сорттары бар.

Әр шаруашылықта тұқымның ерте және кеш пісетін сорттары болуы керек. Бұл егін жыйнау жұмысының қауырт болмауына және астық ысырабына жол бермеуге қолайлы жағдай жасайды. Өйткені, егерде бірыңғай ерте пісетін сорттар егілетін болса, онда егіннің алдын жыйнап болғанда, арты құйылып қалған

болар еді. Мысалы «мильтурум—321» және «мильтурум—553» сорты тез құйылып қалады. Ал «смена», «гордейформе—10» сорттары тез құйылмайды. Сондықтан шаруашылықта бірнеше сорттардың болғаны қолхоз, совхоздарға өте тиімді. Шаруашылықта жақсы, сапалы сорт болумен қатар, оларды агротехникалық ережелердің негізінде өсіру арқылы сапасын барған сайын жақсарту керек. Агротехникалық күтім нашар болған жағдайда олардың сапасы төмендейді. Сорттың сапасын жақсартуда, тұқымды себуге дайындаудың да өзіндік әсері бар. Егерде тұқымның себу сапасы нашар болса, өнім де аз болады.

1954 жылы Преснов ауданы, Баян МТС-нің қамтуындағы «Жизнь» қолхозы барлық дақылдарды сортты тұқымдардан септі. Сондықтан осы МТС-ке қарайтын басқа қолхоздармен салыстырғанда мұнда дәнді дақылдардың өнімі 1,5—2 центнердей артық болды. Сол сияқты «Баян» қолхозында егілген бидайдың «смена» сорты жабайы бидаймен салыстырғанда гектарынан 2—3 центнердей өнімді артық береді.

Сортты тұқымдарды қолхоз, совхоздарға таратуда дайындау мекемелеріне жауапты міндет жүктеледі. Өткен кезеңде кейбір қолхоздарда сортты тұқымдар, әсіресе тың жерлерге себу үшін «гордейформе №10» сорты жетпейтін жағдайда, Преснов ауданының Троицкое селосындағы заготзерно пунктінде 300 центнер «гордейформе—10» сортты тұқымды ешқандай өкілмей қалды. Әсіресе 1955 жылдың көктемінде, быйыл тұқымдық материалдар жауын-шашын уақытында жыйналғандықтан, шығымдылығы төмен. Осыған байланысты элеваторлар мен астық пункттеріндегі сортты, сапалы тұқымдар көктем егіс кезінде толық пайдаланылуы керек. Баян МТС-нің қамтуындағы 7 қолхоздың барлығында да, 1954 жылы жыртылған тың және тыңайған жерлерге себу үшін қатты бидайдың «гордейформе—10» сортымен 80—85 процент қамтамасыз етілген. Тұқымдық материал ылғалды уақытта жыйналғандықтан олардың бұлініп, қызуы мүмкін. Сондықтан мұндай ылғалды тұқымды сақтаған уақытта оның қалыңдығы 1—1,5 метрден аспауы керек. Қызған тұқымның температурасын төмендету үшін дәнді күрекпен жиі-жиі араластырып, аударыстыру арқылы салқындату қажет. Сортты тұқымдарды бір-бірімен араластырмау үшін оны жеке тұқым қоймаларына сақтаған жөн. Шығымдылығы төмен тұқымдардың шығымдылығын арттыруда академик Т. Д. Лысенко ұйғарған ауамен жылытып келтіру әдісі көктемде кең қолдану—маңызды іс. Әр шаруашылықты өнімді, сортты тұқымдармен қамтамасыз ету—егіннен мол өнім алудың ең негізгі жолы.

Агроном Т. АЯҒАНОВ.

процент, жегеңдер—28 процент көбейді. «Славянка», «Мир» және «1-май» колхоздарында мал басының өсімі 22-50 процентке жетті.

Мал басының өсуімен бірге мал шаруашылығының өнімділігі де артуда. Мысалы, «Искра» колхозында әрбір сауын сыйырдан жоспар бойынша 1450 литр сүт алу белгіленсе, көзір 1579 литрден сүт алынды. Сондай-ақ «Совет» ауылшаруашылық артели әрбір сауын сыйырдан орта есеппен 1435 литр сүт сауып отыр. Артельдің Стрельникова сыяқты жекелеген сауыншылары әрбір сыйырдан 1615 литрден сүт сауған.

Мал шаруашылығын дамытуда бұл сыяқты есауді көрсеткіштер «Мир» колхозында да бар. Колхоз мал өсірудің мемлекеттік жоспарын барлық түліктер бойынша асыра орындады. Бұл—артельдің төлді жақсы жүтіп, өсіре білудің нәтижесі. Колхозда әрбір 100 саулықтан 125 қозы алынып, аман өсірілген.

Көзір мал шаруашылығының тардыры нәтижесін—мал қыстату маусымы келді. Алдағы жылы мал шаруашылығының қалай дамуы және одан алынатын өнім мөлшері осы маусымның өткізілуіне тікелей байланысты. Осыны жете түсінген колхозшылар МТС механизаторларымен тығыз ынтымақтаса отырып, бұл маусымды үлгілі өткізуге бірқатар дайындықтармен келді. «Тропинка Ильича», «Славянка», «Бұлақ» және Киров атындағы колхоздарда колхоз бен колхозшылар малына қажетті ірі сабақты жемшөп толық дайындалған.

Аталған колхоздардың партия ұйымы

## Қажырлы еңбек

Комсомолка Эмма Гесс 1949 жылдан бері «Путь к коммунизму» колхозында (Соколов ауданы) сауыншы болып үзбей істеп келеді. Ол өзіне бекітіліп берілген 14 сауын сыйырдан жыл сайын қонды ұстап, оның өнімділігін арттыруда елеулі табысқа жетуде.

Быйылғы жоспар бойынша Эмма әрбір сауын сыйырдан 1550 литр сүт алуға тиіс еді. Бірақ ол бұған қанағаттанбай, әрбір сауын сыйырдан 1600 литр сүт саууға міндеттенді. Ал бұл міндеттеме 1971 литр болып артығымен орындалды.

Колхоз басқармасы Эмма Гесстің сыйырлардың өнімділігін арттырудағы қажырлы еңбегін жоғары бағалап, оған қосымша ақыға бір бұзау, 1005 литр сүт берді.

\* \* \*

Осы аудандағы Сталин атындағы колхоздың жас төлшісі Людмила Боричеваға 30 төл бекітіліп берілген еді. Ол бұл төлдердің тәуліктік салмағын арттырып, оларды қонды етіп өсіре білді. Сол үшін колхоздың басқармасы Людмилаға қосымша ақыға бір бұзау берді. ҚЛЖО Соколов аудандық комитеті оны құрмет грамотасымен наградалды. Көзір Людмила Боричева қажырлы еңбек етуде.

уыш партия ұйымының секретары Быба жолдастың өзі басқарады. Жұмыстың жақсы ұйымдастырылып, шеп тасуда тракторлардың тиімді пайдаланылуының нәтижесінде колхозда көзірдің өзінде үш айға жететін жемшөп қора жанына тасылды. Барлық мал жасына, қондылығына қарай қораларға іріктеліп орналастырылған. Фермалардағы күнделікті жұмыс күні бұрын жасалған жоспар бойынша жүргізіледі.

Малға сабан мен салалы пішенді тұрап, буландырып және концентрат араластырып беру жөнінде «Мир» колхозы жақсы инициатива көрсетіп отыр. Мұнда ірі сабақты жемшөпті буландыратын бетондалған екі қамбатраншея бар. Сонымен бірге ірі сабақты пішендердің тек тұрағыншып, концентрат қосылып нәрлендірілген, буландырылған күйінде берілуі қамтамасыз етілген.

Бұл колхоздың мал фермаларында жұмыс тәртібі қатаң сақталды. Малды азықтандыру, суару жұмыстары белгіленген мерзімде жүргізіледі. Жемшөп норма бойынша өлшеніп беріледі. Мал фермаларына өз ісін сүйетін іскер адамдар іріктеліп қойылған. Колхоздың бастауыш комсомол ұйымы мал өсірушілер арасында саяси-бұқаралық жұмыстарды белсенді жүргізуде. Олар малшылар арасында газет оқыды, жауынгерлік листоктер, қабырға газеттерін шығарады.

Бірақ мал қыстату МТС қамтуындағы колхоздардың бөріңде бірдей тығрылықты ұйымдастырылды деуге болмайды. Бержәт пішеннің толық дайындалғанына қарамастан кейбір басшылардың іске

айтқанда 15 декабрьде жоспар бойынша 42 трактордың орнына, 43 трактор жөндеуден өтті. Олардың бәрін де жөндеу сапасы жақсы.

МТС коллективі жыл аяғына дейін жоспардан тыс кемінде 10 трактор жөндеуге және ауылшаруашылық машиналарды жөндеу жоспарын толық орындауға міндеттеніп отыр. Көзір олар бұл міндеттемелерін орындау жолында еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсуде.

В. ШВЕЦ,

МТС-тің бас инженері,

Я. КУЗНЕЦОВ,

МТС партия ұйымының

секретары,

В. ШАТНЫХ,

МТС жұмысшылар комитетінің председателі.

## Жастардың инициативасы

Ленин ауданының орталығында тұратын жастар Явленка селосынан каток жасау жөніндегі бағалы инициативаны бастаушысы болды. Жастардың бұл инициативасын ҚЛЖО аудандық комитеті мен ҚЛЖО аудандық комитеті де қолдады.

Көзір ҚЛЖО аудандық комитетінің секретары Коваленко және аудандық физкультура және спорт комитетінің председателі Конов жолдастардың басқаруымен каток жасау жұмысы қызу қарқынмен жүргізілуде. Явленка автомобиль ротасы катокқа су тасу үшін машиналар бөлді.

Таяудағы күндерде каток пайдалануға берілмек. Катокта радиолар ойнап, әдепкер шамдары жарық беріп тұратын болады.

С. СМАГУЛОВ,

ҚЛЖО Ленин аудандық комитетінің бөлім меңгерушісі.

## Механизаторлар клубы

Пушкин атындағы МТС-тің механизаторлары үшін жаңа клуб үйі салынды. Мұнда тұрақты киноустановка жұмыс істейді. МТС 25 мың сомға клубқа керекті мебельдер сатып алуда.

Көзір клуб механизаторлардың дем алатын мәдениет орталығына айналды. Мұнда ауыл шаруашылығы туралы, халықаралық жағдай жөнінде және басқа тақырыптарда лекциялар оқылып тұрады. Клуб жанында кітапхана бар.

Ә. СӘБИТОВ.

## Ильич шамы жанды

Октябрь ауданындағы «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы жақында жаңа электр станциясын сатып алды. Көзір ол жұмысқа қосылды, колхозшылардың үйлеріне жарық бөре бастады. Бұл жұмысқа Торангүл МТС-нің электршісі Г. Гончаров жолда көмектесті. Көзір колхозшылардың үйлерінде, мал фермалары мен басқа да қоғамдық үйлерде Ильич шамдары жануда.

К. АСЫЛТАЕВ.

## Қолданылады

Облысымыздың колхоздары мен совхоздары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен жыл сайын ауылшаруашылық дақылдар егістерінің көлемін ұлғайта түсуде. Үстіміздегі жылы өткен жылғымен салыстырғанда тың және тыңайған жерлер колхоздарда 3 есе, совхоздарда 20 есеге жуық көп игерілді. Колхозшылар, МТС, совхоз жұмысшылары тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін ұлғайтумен бірге, ауылшаруашылық дақылдарының шығымдылығын арттырудың шараларын жүзеге асыруда. Бұл жөніндегі ғылым мен озат тәжірибенің тамаша табыстарын өндіріске кеңінен енгізуде.

Біздің елімізде егін шығымдылығын арттыру жолында творчестволық еңбек етіп, тамаша табыстарға ие болып отырған бай тәжірибелі егіншілер көптеп саналады. Бұған мысал ретінде топырақты өңдеу мен егін егудің жаңа әдістерін ұсынған Курган облысы, Шадрин ауданындағы «Заветы Ленина» колхозының егіншісі, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Т. С. Мальцевті айтуға болады. Көзір біздің облыстың колхоздары мен совхоздары топырақты өңдеудің жаңа әдісін өндіріске творчестволықпен қолдануда. Бұл өзінің игі нәтижесін беріп те отыр.

Осыған байланысты Ленин ауданының егіншілері 1955 жылы егіннің едәуір бөлегін Мальцев қолданған жаңа әдіс бойынша өңдеуді ұйғарды. Сталин атындағы, «Мир», «Новый путь» колхоздары мен Торангүл совхозы, сол сыяқты осы аудандағы «Россортучасток», тағы басқа шаруашылықтар топырақты өңдеу мен егін егуге Мальцев әдісін үстіміздегі және өткен жылдардың өзінде едәуір кең көлемде қолданды.

«Новый путь» колхозы быйыл дағдылы әдіспен жұмыс аталған егістерден алынған өніммен салыстырғанда топырағы луцильникпен сыдыра жыртылған аңызға егілген жаздық бидайдың әрбір гектарынан 2,1 центнер арпадан — 1,4 центнер, сулыдан—2,6 центнер өнімді артық алды. «Қазақстанның 30 жылдығы» колхозы Мальцев әдісі бойынша егілген 100 гектардан астам участканың әрбір гектарынан 2 центнер қосымша өнім жыйнады. Сол сыяқты басқа колхоздарда да топырағы аударылмай терең қопсытылып өңделген учаскектер мол өнім берді.

А. САПАРБЕКОВ.

## «Ленин туының» дабылнан кейін

### «Газетімізді уақытында жеткізіп тұрса екен»

«Ленин туы» газетінің осы жылғы 24 ноябрьдегі номерінде «Газетімізді уақытында жеткізіп тұрса екен» деген тақырыппен тілші хаты жарияланды. Онда біздің колхозда хат-хабар тасу ісінде орын алып отырған кемшіліктер сыналды.

Колхоз бастауыш партия ұйымы мен колхоз басқармасы газет дабылы бойынша хат-хабар тасу ісінің жайын тексеріп,

Мұның бәрі астық өндірісін шұғыл өркендетуге Мальцев әдісін творчестволықпен қолданудың үлкен маңызы бар екенін көрсетеді. Сондықтан аудан еңбекшілерінің бұл әдісі келесі жылы кең көлемде қолдану үшін жүзеге асырып отырған түрліше шаралары өте орынды.

Тек ауданның колхоздарында ғана келесі жылы 3000 гектардан астам аңыз сыдыра жыртылып, оған дөңді дақылдар егілетін болады. Бұл үшін Куйбышев атындағы МТС-тің қамтуындағы колхоздарда 900 гектар, Ильич атындағы МТС-те—700 гектар, Пушкин атындағы МТС-те—700 гектар және Образцова МТС-інде—800 гектар егістік жер іріктеліп алынды. Сонымен бірге 1955 жылы колхоздарда 1 мың гектардан астам егістік қайырмасыз плугпен терең жыртылып, оған тұқым себіледі. Сондай-ақ совхоздар 900 гектар аңызды луцильникпен өңдейді, 1 мың гектар жерді қайырмасыз терең жыртады. Сөйтіп оларға дөңді дақыл егеді.

Топырақты өңдеудің Мальцев системасының толық комплексын қолданудың тиімділігін зерттеу мақсатымен Сталин атындағы, Ворошилов атындағы, «Мир», «Новый путь» колхоздары және Торангүл совхозы едәуір тәжірибе жұмыстарын жүргізетін болады. Бұл үшін олардағы ауылшаруашылық егіншілері тұтасымен немесе жартылай жаңа әдіс бойынша өңделді.

Аудан колхоздары топырақ өңдеудің жаңа әдісін енгізу жөнінде өткен күз бірқатар жұмыстар істеді. Келесі жылдың егістері үшін быйылғы күзде 4 мың гектар жер қайырмасыз плугпен терең жыртылды және луцильникпен өңделді. Колхоз ғалымы Мальцев әдісін творчестволықпен қолдануды қамтамасыз ету мақсатымен барлық МТС-терде ауыл шаруашылығы мамандарының семнар-жестері өткізілді. Оларда топырақ өңдеудің жаңа әдістерін қолдану жөнінде шаралар белгіленді. Жерді жаңа әдіс бойынша өңдеу ісінде колхозшыларға, МТС механизаторларына практикалық көмек беруі үшін әрбір МТС-тер мен колхоздарға аудан орталығынан мамандар бөлінді. Көзір ауыл шаруашылығының мамандары қысқы агротехникалық шараларды мүлтіксіз жүзеге асыру ісіне басшылық етуде.

Б. ШОҚАНАЕВ,

Преснов ауданы, Киров атындағы колхоз бастауыш партия ұйымының секретары.

### Мектептердегі оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға жете кеңіл бөлінсін

СОКП-ның XIX съезі жалғыз бірдей орта білім беруге көшу, мектептерде политехникалық оқуды жүзеге асыру міндетін қойды. Партия алға қойған мұндай игі міндеттерді орындау жолында қала мектептерінің коллективтері бірқатар жұмыстар жүргізді. Мектептерде политехникалық оқу үшін мастер-койлар ұйымдастырылып, оқушылар кәсіпорындарына экскурсияға барып тұратын болды.

Совет мектептері көзір өзінің жаңа даму жолында. Быйылғы жылдан бастап ер балалар мен қыздар бірге оқитын болды. Жаңа оқу жоспары мен жаңа оқу программаларының енгізілуі, ерлер мен қыздардың бірлесіп оқуы мектептерде оқу-тәрбие жұмысын жақсартуға, оқушылардың үлгірін арттыруға неғұрлым мүмкіндік берді.

Бұдан қала мектептерінің оқу-тәрбие жұмысында ешқандай кемшілік жоқ деген қорытынды шықпайды. Әресе, мектеп жасындағы оқушыларды мектепке тегіс қамту жұмысында елеулі кемшіліктер бар. Бірқатар мектеп коллективтерінің бұл мәселеге жете кеңіл бөлмеуінен мектеп жасындағы бірқатар оқушылар ешбір жерде оқымай босқа жүр. Қалаалық Совет атқоміндегі тізім бойынша мұндай жасөспірімдердің саны 50-ден асады.

Жақында осындай жасөспірімдердің бірі—Низамутдин Камалов қалаалық Совет атқоміне келді. Ол № 151 темір жол мектебінің қамтуындағы Буденный көшесінде тұрады. Камаловтың жасы 17-де. Бірақ ол осы уақытқа дейін ешбір жерде оқымаған, жұмыс та ісеген. Ал темір жол мектебінің коллективі мен Камаловтың туысқандары оның оқуына ешқандай көңіл бөлмей, бос жүруіне көріне-көзге жол берген. № 151 мектепте оқын жүрген оқушылар да оқытушылар коллективінің назарынан тыс қалып келеді. Соңғы кезде оқушылардың үлгірім тым төмендеп кетті. Мектепте, кластан тыс бақылаудың жеткіліксіздігінен оқушылардың көпшілігі тапсырманы орындамай келетін болды. Мұндай оқушылар мектептің ішкі ережесін дұрыс орындамай, тәртіпті нашарлатып жіберді.

Сод сыяқты № 1 Ленин атындағы орта мектептің VII-«г» класында 35 оқушының 16-сы үлгірмейді. Мұнда ұйымдасқан балалар коллективі жоқ. Оқушылардың оқуға, еңбекке деген ынтасы жоқтың қасы. Ал класс жетекшісі Черных, мектеп директоры Дәулеткедіева жолдастар оқушылардың оқуға, еңбекке деген ынтасын арттыра алмай отыр. Бұлар туысқандармен тығыз байланыс жасап, олардан оқушылардың мектептен тыс уақытын бақылауға алуды талап етуді де қойып алған.

Мұндай жағдай № 1, № 3 және № 4 орта мектептерде де бар. Бұл мектептерде оқушылардың көпшілігі үлгірмейді.

Бұған ең алдымен аталған мектептердің коллективтері, комсомол, пионер ұйымдары кірәлі. Мұнымен бірге, туысқандарының оқу-тәрбие жұмысын

жеті бірдей ләннен үлгірмейді. Валерийдің тәртібі де мектеп оқушыларына тән емес, үлкендерді сыйламайды, сабақ үстінде үнемі төртпінсіздік жасап отырады. Ал коммунист Опарин жолдас өзінің баласын тәрбиелеуге, оқытуға жауапты екенін ұмытып, жалғыз ұлын төртпінсіз шақыра алмай отыр. Сол сыяқты, қызметтен қолым босамайды деген сылтаумен совхоздар тресінің бастығы Зенченко жолдас та өз баласының оқуына ешқандай көңіл бөлмей келеді. Геннадийдің жасы 17-де. Ол жасына қарағанда оңжылдықты бітіруі керек еді, бірақ ол әлі VII-класста оқын жүр. Жыл сайын кластан класқа әрең көшеді. Геннадийдің туысқандары мектепте болып, баласының қалай үлгіретінін де сұрамайды.

Бірқатар мектептер туысқандармен жұмыс жүргізбейді. Мектептер мекемелерде «Мектеп дауысы» деген қабырға газетін шығарып, онда өз балаларының оқуына, тәрбиесіне көңіл бөлмейтін туысқандарды өткір сынға алуы керек еді. Күні осы уақытқа дейін мектеп коллективтері мұны істеген жоқ.

Мектептегі оқу-тәрбие жұмыстарын жақсартуға комсомол, пионер ұйымдарының алатын орны ерекше. Мектептің комсомол, пионер ұйымдары оқу-тәрбие жұмысының жақсаруына үнемі атсалысып отыруға тиіс. Мұндай маңызды мәселеден КЛКЖО қалаалық комитеті де тыс қалмауы керек. Жасыратыны жоқ, қалаалық комитет, оның секретарлары Шәкіров, Шешена жолдастар мектеп комсомол ұйымдарына басшылық жасаудан өздерін аулақ ұстап, бұл жұмысты нұсқаушы Гусев жолдасқа тапсырумен барлық істі тындырған.

КЛКЖО XII- съезінің қаулысы кәсіпорындарының комсомол ұйымдарынан озат комсомолдерді отряд вожақтығы етіп, мектептерге бөледі талап еткен еді. Кәсіпорындарында жұмыс істейтін комсомолдерді мектептерге бөлу, өзінің айтарлықтай нәтижесін бергенін орталық қалалардың практикасынан көріп отырмыз.

Мектептерді қамқорлыққа алған кәсіпорындарына да үлкен жұмыстар жүктеледі. Кәсіпорындары мектептерге материалдық көмек берумен бірге, оқушыларды еңбек тәрбиесіне баулуға да атсалысып отыруға тиіс.

Оқушыларды еңбекке баулу сыяқты маңызды міндетке мектеп коллективімен бірге, кәсіпорындарының жұмысшылары, инженер-техник қызметкерлері белсене араласқанда ғана ол табыспен жүзеге асады. Заводтардың мамандары өндіріс туралы, өзінің мамандығы жайында, ғылым мен техниканың табыстары жөнінде оқушыларға әңгімелей отыра, олардың еңбекке, өндірісте жұмыс істеуге деген ынтасы солғурлым арта түседі.

Қала мектептерінің коллективтері партия, совет және комсомол ұйымдарының күнбе-күнгі басшылығы мен көмегіне сүйеніп, оның оқу-тәрбие жұмысын

### ІШКИ МОНГОЛИЯДА ЦЗИНН-ЭРЛЯНЬ ТЕМІР ЖОЛЫНЫҢ САЛТАНАТПЕН АШЫЛУЫ

ПЕКИН, 15 декабрь. (СОТА). Сяньхуа агенттігі кеше Цзиньнде темір жолдың 138 километрінің ұзақкедегі құрылысының мерзімінен бұрын аяқталуына байланысты митинг болды, бұл жол Пекинді Улан-Батормен байланыстыраты деп хабарлады. Митингте 900-ден аса адам, соның ішінде КХР-дің темір жол министрі Тэн Дай-юань мен Ішкі Монголия автономия обласы председателінің орынбасары Ван Цзай-тинь, аз ұлттардың өкілдері мен жол құрылысшылары болды.

Жыйналғандардың алдында сөз сөйлеп, Тэн Дай-юань былай деді: бұл жаңа жол Пекинден Улан-Батор арқылы Москваға баратын жолды мың километрге қысқартты. Бұл жол КХР, МХР, ССРО мен басқа да елдердің арасында экономикалық және мәдени айырбасты өркендетуге көмектеседі және Қытайдың социалистік құрылысында маңызды рөлге ие болады.

### КОРЕЯНЫ БЕЙБІТШІЛІКПЕН БІРІКТІРУ ҮШІН

ПХЕНЬЯН, 15 декабрь. (СОТА). Борай Орталық телеграф агенттігі Токиодан берілген хабарға сүйеніп отырып, мынанай хабарлады: 8 ноябрдегі 10 ноябрьге дейін Токиодо Жапониядағы корейдіктердің біртұтас демократиялық майданының бесінші съезі өткізілген. Съезд Корейны бейбітшілікпен біріктіру туралы КХДР Жоғарғы халық жыйналысының үндеуін қуаттаған.

### БЕЙБІТШІЛІКТІ ҚОРҒАУДЫҢ АҒЫЛШЫН КОМИТЕТІ ПРЕДСЕДАТЕЛІНІҢ ҮНДЕУІ

ЛОНДОН, 13 декабрь. (СОТА). Бейбітшілікті қорғаудың ағылшын комитетінің председатели, прогресшіл журналист Гердон Шаффер 13 декабрьде Англиядағы бейбітшілікті қорғаудың барлық жергілікті комитеттеріне арнаулы хат таратып, бұл хатта оларды батысгерманиялық армия құруға қарсы жүреске шақырған.

«Герман мәселесін бейбітшілікпен реттеуге жету мақсатымен Совет Одағымен келіссөздер жүргізу талабы,—деп жазған Шаффер,—Англияда кең көлемде қойылып отыр. Батыс Германияны қайта қаруландыруды жақтаушылар, Лондон мен Париж келісімдері бекітілгеннен кейін ғана келіссөздер жүргіземіз деген үндеулер болып, бұл талапты елемеге тырысуда. Мұндай адалдық үделермен ешқандай да одастыруға болмайды. Лондон мен Париж келісімдері бекітіліп, Батыс Германия ерғы мемлекетіне айналдырылған күнә, төрт державаның келіссөздер жүргізу негізі жойылды.

Үшмет келіссөздер жүргізуден үнемі бастарып және Батыс Германияны қайта қаруландыруды қасарсып талап етіп Европаның оңқ ортасында жанталаса қарулануды, тек жаугүшігерлік соғыс апатымен ғана аяқталуы ықтимал болатын жанталаса қарулануды жаңадан күшейтуге көрнеу арандатып отыр. Егер

### Париж келісімдерінің бекітілуіне қарсы

ПАРИЖ, 15 декабрь. (СОТА). Лондон мен Париж келісімдерінің бекітілуі туралы мәселе жөнінде ұлттық жыйналыста айтыс бастаудың шақырылған қалғанына байланысты, Францияда Батыс Германияны ремиттарландыруға қарсы қозғалыс ұлғаюда. «Юманите» газетінде өздерінің келісімді бекітуге қарсы шығатындықтарын айтқан парламент депутатының тағы бір тізмі жарияланған. Депутат Жозеф Денз (тоуелсіз республикашыл) Париждің біртот жыйналыстарына былай деген: «мен» европалық қорғаныс бірлестігі туралы дөговора қарсы дауыс бердім және жаңа келісімдерге де қарсы дауыс беремін». Депутат Гримо (МРН)

Беше Коммунистік партия Париждің «Мютюалите» залында кеш ұйымдастырып, бұл кеш қарсыласу қозғалысына қатысушылар, Гитлерлік оккупанттар алаңтап өлтірген көрнекті коммунистер Габриэля Пари мен Жюстен Сампери өскө түсіруге арналған. Жыйналғандардың алдында ФКП Саяси бюросының мүшесі Франсуа Бийу сөз сөйледі. Ол Гитлеріам талқан болғаннан соң он жыл өткеннен кейін бейбітшілік жаулары Германияны қайтадан қаруландырып, оны өздерінің агрессивалық мақсаттарына пайдалануға шеттеніп отырғанын атап көрсетті. Бұл үшін бейбітшілік жаулары батыс елдері

Грәнебль өйелдер делегациясына өзінің бондық Германияны қаруландыру туралы келісімге қарсы екендігін айтып, сендірген.

Қан қаласының (Бальвадор департаменті) бейбітшілікті жақтаушылар делегациясын қабылдап, бір кезде «европалық қорғаныс бірлестігінің» құрылуын жақтаған депутат Жан Мари Лувель (МРН) тауу уақытта ұлттық жыйналыста болатын айтты кезінде өзінің Париж келісімдеріне қарсы дауыс беретіндігін айтқан.

Марсель Рибер (тоуелсіз), Жан Грессо (бұрынғы дегаллшл), Поль Бакон (МРН)

парламенттерінде Лондон мен Париж келісімдерін тезірек бекіткілері келеді.

Лондон мен Париж келісімдері, деді Бийу, бұл зенбірекпен сауда жасаушылар арасындағы келісім. Бұл келісімдер күшіне ексе, Саардың болат балқытатын ірі заводтары Швейдердің бақылауына көшеді. Өткендердің орнын толтыру негізінде Батыс Германияның финан және өнеркәсіп магнаттарына Солтүстік Африканы өксплоатациялауға қатысу ұсынылды, бұл Бисмарктың, Вильгельм II мен Гитлердің ежелгі арманы болатын...

Лондон мен Париж келісімдері бекітілумен бірге, Францияның Шығыс шев-

және басқа да депутаттар өздерінің Герман көкшілдерін қаруландыру жөніндегі келісімдерін бекітілуіне қарсы шығатын ниеттерін білдірген.

Демократиялық баспасөз жоғары оқу орындарының 300 профессорлары мен мүгалмдерінің Француз халқына үндеуін жариялаған, үндеуде бейбітшілікті бүкіл дүние жүзінде нығайту үшін герман прблемасын келіссөздер жүргізу жолымен шешуге Германияны қандайын болмасын соғыс одақтарынан тыс қалдыруға және Европаның барлық елдерінің хауіпсіздік системасын құруға жетісу қажет, деп атап көрсетілген.

арасында герман милитаризмі қайтадан қалпына келтірілген болар еді. Ал Францияның өзі Совет Одағына қарсы ашық бағытталған яғни, одақтастық пен өзара көзаякестік туралы дөговора Францияның өзі қол қойған державаларға қарсы бағытталған соғыс коалициясының құрамында герман милитаристеріне қосылған болар еді.

Бийу ұлттық жыйналыста айтысты басталуына бірнеше күн қалғанымен, француз халқы герман соғыс машинасын қалпына келтіруге бөгет жасауға толық мүмкіндігі бар екендігін айтты.

### Париж келісімдері қабылданбауға тиіс (ВСК)

Батыс Германиядағы наразылық қозғалысы

БЕРЛИН, 15 декабрь. (СОТА). Батыс Германияда Париж келісімдеріне қарсы наразылық қозғалысы ұлғаюда. Жұртшылықтың әртүрлі топтарының өкілдері Париж келісімдерінің бекітілуіне қарсы шығуда.

АДП агенттігінің хабар етуіне қарағанда, кеше Боннда баспасөз конференциясы болып бірлестік бейбітшілік пен бостандық үшін жүресуші немістер одағының председатели В. Эльфес пен одақтың бас секретары И. Вебер сөз сөйлеген. Олар Европада коллективтік хауіпсіздік системасын құру туралы Совет Одағының ұсынысын қуаттаған және бундестаг депутаттарынан Германияны бейбітшілікпен қайтадан қосуға тезірек жету мақсатында Совет Одағымен және Герман Демократиялық Республикасымен келіс-

сөздерді жүргізуді талап еткен Баспасөз конференциясына қатысушы баспасөз өкілдеріне бірлестік, бейбітшілік пен бостандық үшін жүресуші немістер одағының бонн бундестагі депутаттарына арнаған үндеуі таратылған. Үндеуде бундестаг депутаттары Париж келісімдерін бекітуге қарсы шығуға, келіссөздер жүргізу үшін ішкі айтуға шақырған.

Аахенде көп адам қатынасқан жыйналыс болған, жыйналысты бейбітшілік жөніндегі күрескерлер комитеті ұйымдастырған. Жыйналысқа қатысушылар Батыс Германияны қаруландыру саясатына бірауыздан қарсы шықты. «Біз Дорт мұнда тұрған әкесінің Ростовта тұрған өзінің баласына оқ атуын тілемейміз»,—деген жыйналыста сөз сөйлеген студент Петерле.

Ларрактегі коммуналдық мекемелер мен қалаалық транспорт кәсіпшілік одағының 15 мың мүшелері атынан бұл кәсіпшілік одағының аудандық конференциясы Батыс Германия кәсіпшілік одағы бірлестігінің председатели Фрейтагке хат жолдап, ол хатта оның Батыс Германияны ремиттарландыруға қарсы пікір білдіруі, Батыс Германияның кәсіпшілер одағы бірлестігі үшінші съезінің қарарын берік қолдауы талап етілген.

Людвигсхафен тұрғындарының жыйналыста сайланған делегациясы «Азаттық демократия партиясының» бундестагтағы депутаты А. Эберхардтке қарар тапсырған, ол қарарда бундестаг депутаттарының Париж келісімдерін қабылдамай тастауы талап етілген.

### Италияның парламенті Париж келісімдерін бекіту туралы мәселені талқылауды бастады

РИМ, 14 декабрь. (СОТА). Кеше кеше Италияның депутаттар палатасында Париж келісімдерін бекіту туралы, «батыс-европалық одақ» құру туралы және Батыс Германияны қаруландыру туралы мәселелер бойынша жарыссөздер басталған.

Дискуссияның басталар алдында депутаттар палатасының председатели Фронкиде парламенттік топтардың барлық бас-шыларының мажлсісі болып оны жарыс-

Сонымен бірге, Ла Мальфа Европада төрт дивизияны қалдыру жөніндегі Великобритания беріп отырған «көпідемейін» бұдан былайғы жерде маңызы жоқ деген.

Ла Мальфа, сол сыяқты Франция мен Германияның арасындағы экономикалық келісімдерге байланысты қобалжушылық білдірген, ол бұл келісімдер Европа елдердің мүддесі үшін емес, қайта бұл мүдделерге қарсы жасалған деді.

праводан—бейбітшілік туралы және соғыс туралы мәселені шешу правосынан айырады. Батыс Германияны қаруландыруды жақтай отырып, сонымен бірге, бақылау мен кешідеме системасын құрумен шұғылданып отырған Англия мен Франция басшыларының қарама-қарсы айқындалған позициясын атап көрсете келіп, Бассо былай деді: іс жүзінде бұл бақылау мен кешідемейін маңызы түкке де тұр.

жауапты екенін айта кетуіміз керек. Бізде, әлі де болса, қызметтен қол тимейді деген сылтаумен балаларының оқуына, оны тәрбиелеуге көңіл бөлмейтін туысқандар бар.

Орталық саяси комиссияның меңгерушісі Опарин жолдастың баласы—Валерий Опарин бығыл VII -класта оқыйды. Ол

жақсарты береді. Кәсіпорындарымен, туысқандармен байланысты аңағұрлым жақсартып, оқушыларды еңбекке баулу сияқты партия алға қойған маңызды міндеттің абыроймен орындалуын қамтамасыз етеді.

**3. ДЕГТЯРЕНКО,**

Қалалық оқу бөлімінің меңгерушісі.

## РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Өрбір кәсіпорны мен мекемелерде газет витриналары ұйымдастырылсын

Біздің елімізде советтік баспасөз бұқараға коммунистік тәрбие берудің аса маңызды құралдарының бірі болып саналады. Газеттер еңбекшілерді өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығының барлық салаларын өркендету жөнінде партиямыз бен үкіметіміз алға қойған міндеттерді орындауға жұмылдырады. Сондықтан газеттерді бұқараның үзбей оқуына жағдай жасау керек. Ол үшін кәсіпорындар мен ұйымдарда, қоғамдық орындарда газет витриналарын ұйымдастырудың маңызы өте-өте зор.

Алайда қалада және селолық аудандарда газет витриналарын ұйымдастыру жөнінде істеліп келген жұмыстар мүлде қанағаттанғысыз. Қалалық және аудандық партия комитеттері газет витриналарын ұйымдастыруға жеткілікті көңіл бөлмейді, газет витриналарын ұйымдастырып, оған күнбе-күнгі газеттерді іліп отыруды кәсіпорындар мен мекеме партия ұйымдарының секретарларынан қатты талап етпейді.

Газет витриналарын ұйымдастыру ісі әсіресе Петропавл қаласында мүлде нашар екендігін атап айту қажет. Бұған дәлел ретінде бүкіл қала бойынша күні бүгінге дейін небары бес-ақ газет витринасының ұйымдастырылғанын айтудың өзі де жеткілікті. Егер еңбекшілер депутаттарының облыстық Совет атқамінде витрина ұйымдастырылып, оған газеттер күн сайын ілініп тұрса, өте орынды болар еді. Бірақ мұнда газет витринасы жоқ.

Петропавл станциясының вокзалында тек «Правда» газетінің ғана витринасы бар. Станцияның басқа жерлерінде, ет комбинатында, театрда, кинотеатрларда, клубтарда және басқа да көпшілік орындарында газет витриналары ұйымдастырылмаған. Ал колхоз базарында витрина қойылғанмен оған күнбе-күнгі газеттер үнемі ілініп отырылмайды.

Газет витриналарының ұйымдастырылмауының себебі кейбір кәсіпорындар мен мекеме басшылары тарапынан бұл мәселеге

жете көңіл бөлінбеуінен болса, екінші жағынан, қалада газет витриналарын жасауға алудың өзі қиынға түседі. Газет витриналарын жасау ісімен «Динамоның» көркемсурет мастерскойы да шұғылданады. Бірақ мастерскойда жасалатын витриналардың құны өте қымбат, заказдар тез орындалмайды, бір витринаның құны 1173 сом тұрса, оның өзін тез істетіп алу оңайға түспейді. Мәселен, облыстық байланыс басқармасы бұл мастерскойға екі витрина жасау үшін заказ беріп құнын төлеп қойғанына бір айдан асса да, мастерской бұл заказды әлі күнге орындамай отыр. Оның себебі мастерской меңгерушісі Марков жолдас бюрократтыққа салынып «ағаш материалдары мен шыны жоқ, соларды алғаннан кейін жасап береміз». Егер тым асығыс болса, протез жасау мастерскойынан витринаның рамаларын жасатып алуға болады, біз көркемдік жағын өңдеп береміз» деп, қысқа жауап берумен қанағаттанған.

Қалада, селолық аудандарда, кәсіпорындары мен ұйымдарда трактор және дала бригадаларында, мал фермаларында, кинотеатрлар мен клубтарда және басқа да қоғамдық орындарда газет витриналарын ұйымдастыру—партия ұйымдарының төл ісі. Сондықтан партия ұйымдары бұл мәселені жете ескергені жөн.

Ал витрина жасайтын мастерскойлар витрина жасатуға берілген заказдардың неғұрлым тез және сапалы орындалуын, оның өзіндік құнын арзандатуды қамтамасыз етудің шараларын қарастырулары керек.

Қалалық «Союзпечать» бөлімі мен аудандық ұйымдастырушылар қалада және селолық аудандарда газет витриналарының санын есепке алып, витриналарға газеттердің деркезінде ілініп отырылуын қатты қадағалауға тиіс.

**Г. КАРТАШОВ,**

Облыстық «Союзпечать» бөлімінің бастығы.

## Аяқкиімдер неге сатылмайды?

Преснов ауданындағы «Баян» колхозындағы магазинге түрлі товарлар жиі-жиі әкелініп тұрады. Бірақ ол товарлардың ішінен колхозшылар өздеріне өте қажет киімдерді таба алмайды. Мәселен, колхоз дүкенінде аяқкиімдер болмайды. Аудандық тұтынушылар одағы колхоз

магазиніне балалардың және ересек адамдардың аяқкиімін жіберіп тұруды тегін де қажет деп санамаса керек.

Аудандық тұтынушылар одағы «Баян» колхозының магазиніне киім-кешектерді, әсіресе, аяқкиімдерді қашан жіберер екен?

**Ш. ЖЕТЕНОВ.**

ның түсінігі, дереу қиымалдар жасайтын болса, онда бұл саясатты өзгертуге болады».

Арнаулы хатта былай деп атап көрсетілген: вермахтың қайта тудыруға қарсы қозғалыс Англияда, Францияда, Германияда және басқа елдерде кеңінен өрістелуде.

Европалық қорғаныс бірлестігін құру жоспары негізінде Батыс Германияны қаруландыру әрекетінің бұған дейін бір рет жүргізілгенін ескі салып Шаффер бейбітшіліктің барлық жақтаушыларын Лондон мен Париж келісімдерін қабылдамай тастау үшін күштерін еселеп арттыруға шақырған. «Өзіне уақыт болып отырғанда, төрт державаның келіссөздерін тезінен бастауды талап етіндер», — деген Шаффер сөзінің қорытындысында.

### БҰҰ-дағы АНГЛИЯ ӨКІЛІНІҢ ЖАУЫНГЕРЛІК МӘЛІМДЕМЕСІ

ЛОНДОН, 14 декабрь. (СОТА). Американың баспасөзінің хабарлауы бойынша, Біріккен Ұлттар Ұйымындағы Англияның өкілі сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министр Наттинг 12 декабрьде Нью-Йорк радиосының телевизиялық хабарында сөз сөйлеп, егер Қытай Халық Республикасы Тайвань аралын азат етуге кірісетін болса, Англия Құрама Штаттар жағына Қытайға қарсы соғысады дегенді айтқан.

Наттингтің сөзі Англияда қатты наразылықтар тудырған. Парламент мүшелерінің бір тобы—лейбористер кеше қауымалар палатасына қарар енгізіп, онда Наттингтің мәлімдемесін сығыға алған. «Формозада спецификалық жағдайды еске ала отырып, — дегеннен қарарда, қауымдар палатасы Англияның міндеттемесінің сыртқы істер жөніндегі мемлекеттік министрінің мәлімдемесіндегідей сыйпаты жоқ деп мәлімдейді...» Қарарға парламент мүшелері лейбористер А. Ирвин, Р. Кроссмен, Т. Драйберг, М. Фут, Г.О. Роберт пен Эдвард Эванс қол қойған.

Лондондық «Таймс» былай деп жазады: Вашингтондағылар Наттингке «өте-өте риза болып отыр». Газеттің айтуына қарағанда, Наттингтің мәлімдемесі Құрама Штаттарында кейбіреулерге «сүйсіспеншілік тудырған болуға тиіс». Мұндай мәлімдемесін, деген бұдан әрі «Таймс», «жуық арада Құрама Штаттарының Чан Бай-шимен жасаған екі жаққа да бірдей келісімдері үшін» ерекше маңызы бар.

Газет бұл жерде Тайваньда АҚШ пен қанқайшылық тоқтың арасында «өзара қорғаныс» туралы 2 декабрьде қол қойылған арандатушылық келісімдерін ескерді.

«Дейлі» экспрестің» Вашингтондағы тілшісі былай деп жазады: «Наттингтің мәлімдемесінен бұрын комментаторлардың ішінен Американың Формозада Чан Бай-шиді қорғауына Англияның көмектесетіндігі жөнінде бас тігетіндері аз болар еді. Кәзір, егер ресми түрде қабылданбай тасталынбаса, небары бұдан 12 күн ғана бұрын өзара қорғану туралы Чан Бай-ши мен пайт жасаған американдықтармен бір тақтандан орын аламыз».

сөзі 23 декабрьде өткізуге келісілген.

Жарыссөзде бірінші болып христиандық демократ Пиндус сөз сөйлеп, Париж келісімдері мен Батыс Германияны қаруландыруды мадақтаған және француз католиктерін «батысевропалық одақ» жайындағы оппозицияны тоқтатуға шақырған.

Республикашы партияның мүшесі Жа Мальфа оның партиясы Париж келісімдерін жақтайды деді, бірақ ол бұл келісімдерді сығыға алған, атап айтқанда, «батысевропалық одақ» тек Германияны қаруландыруға кепілдеме береді деп атап көрсеткен.

### Малайядағы су тасқыны

НЬЮ-Йорк, 14 декабрь. (СОТА). Юнайтед Пресс агенттігінің тілшісі Сингапурдан былай деп хабарлайды: 12 және 13 декабрь күндері Оңтүстік Малайяда нөсер жауын жауған. Өзендер арнасынан шығып кеткен. Тас жолдар мен темір жолдардың көптеген жерлерін су шайып өкеткен.

Мүлкілер мен ауыл шаруашылығына

Бұдан кейін депутат социалист Делло Бассо сөз сөйлеп, «европалық қорғаныс бірлестігі» мен «европалық одақтың» маңызы бірдей, өйткені, бұл ұйымдардың жоспарлары бір-ақ мақсатты—Батыс Германияны қаруландыруды бүркемелеу мақсатын көздейді, деп атап көрсеткен. Бассо былай деді: Париж келісімдері ұйымның мүшесі болып саналатын елдерге, егер бұл одақ мүшелерінің біреуі соғысқа тартыла қалса, автоматты түрде соғысқа кіру міндетін жүктейді. Бұл статья Италияның парламентін негізгі шексіз

маңызы өткізіп, ол тек қорғаныс болса, Германияның соғыс машинасын тоқтату оңайлыққа түспейді және, сонымен бірге, Құрама Штаттары бұл машинаны онан әрі де күшейте береді.

Өз сөзінің қорытындысында Бассо Италияның социал-демократтарын қаруландыруға қарсы шығып және Германияны біріктіру туралы мәселе жөнінде төрт державаның келіссөздер жүргізуін талап етіп отырған Батыс Германияның социал-демократтарының үндеуіне жауап беруге шақырған.

### ГСДП-ның ПРЕДСЕДАТЕЛІ ОЛЕНХАУЭРДІҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

БЕРЛИН, (СОТА). ДПА агенттігі хабарлағандай, Оленхауэр былай деген: батыс державалар советтің жаңа нотасы жөнінде «онда ешқандай жаңалық жоқ» дейтініді айта оқығанын онан әрі өрістетілуіне байланысты оларға жүктелген жауапкершіліктерге таңырқауға болмайды.

Редактордың орынбасары  
**Г. НҮРМОЛДИН.**

**Жолдас**  
*сен*  
**ЛЕНИН ТУЫ**  
*газетіне жазылдың ба?*

**ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ**

1 айға	—	4 см 35т.
3 айға	—	13 см 05т.
6 айға	—	26 см 10т.
1 жылға	—	52 см 20т.

*Бұл жерде пайдаланушылар*

**Киноларда**

«УДАРНИК» кинотеатрында  
«ЗАПАСТАҒЫ ОЙЫНШЫ»  
Сеанстар сағат 3-20, 5, 6-40, 8-20 және 10-да басталады.

«ОКтябрь» кинотеатрында  
«ИНЕЛІК»  
Сеанстар сағат 4-30, 6-30, 8-30 және 10-30 да басталады.

Базар басқармасына атшы және уақытша жұмысқа жұмысшылар керек.  
Жұмысқа қабылдау тәртібі жөнінде колхоз базарындағы базар басқармасына келіп түсінік алуға болады.

Солтүстік Қазақстан облыстық кинопрокат облыс экрандарында «Запастағы ойыншы» деген көркемсуретті кинокомедия көрсете бастады.  
Фильмді Ленин орденді «Ленфильм» киностудиясы 1954 жылы жасап шығарған.  
Рольдерде: Кузнецов, Бернес, Надочников, Вицин, Ушакова және басқа артистер ойнайды.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия және насихат бөлімдері — 0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет тұрмыс, хабар және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.